Число известных местонахождений петроглифов комплекса Танбалы достигает 50, из них – пять основных местонахождений (I-V группы), насчитывающих вместе около *трех тысяч* рисунков и 22 местонахождения с количеством рисунков от 50 до 100. Практически на всей территории урочища распространены небольшие местонахождения, насчитывающие от 1 до 50 рисунков. Общее количество петроглифов комплекса Танбалы приближается к 5000.

Выделяется три типа местонахождений петроглифов Танбалы:

- основные местонахождения I-V групп включают изображения различных эпох и расположены на живописных скалах небольшого каньона Танбалы;
- скопления петроглифов одного-двух исторических периодов и расположены обычно вблизи древних поселений или могильников на периферии горной части урочища;
- малые местонахождения также включают изображения одного или двух периодов, но расположены часто в удалении от других памятников комплекса на склонах или вершинах сопков вдоль традиционных пеших и конных троп.

В Танбалы представлены петроглифы нескольких исторических эпох в хронологическом интервале со второй половины II тыс. до н.э. до начала XX в. включительно: средней бронзы (тип петроглифов Танбалы), поздней бронзы, переходного периода (раннесакский), раннего железного века (сакский и усуньский), средневекового (древнетюркский) и нового времени (джунгарский и казахский) (Рогожинский, 2012, 91).



Рисунок 1. Знаменосец – средневековое изображение; группа VI.

Средние века: Петроглифы средневековья так же, как и эпохи раннего железа, встречаются в Танбалы повсеместно, хотя их общее количество не превышает 300 изображений. На скалах основных местонахождений они преобладают на IV и V группах, но лучшие образцы представлены среди петроглифов нескольких периферийных местонахождений, расположенных вдоль главных дорог и горных троп.

Средневековые петроглифы отличаются от петроглифов всех исторических эпох своим особым репертуаром и художественным своеобразием, присущим наскальному искусству кочевников тюркского времени (VI-XII вв.). В эпоху сложения гигантских степных империй главным персонажем наскальных композиций становится конный всадник - знаменосец, лучник или тяжеловооруженный воин, если для древнего художника первостепенное значение имел образ зверя, то теперь акцент смещается на антропоморфного героя и его воинские атрибуты – боевое знамя, оружие, снаряжение коня. В целом, наряду с запечатленными на скалах картинами жизни богатого скотоводческого общества, тематика наскального искусства тюркской эпохи отражает расцвет эпического творчества и утверждение аристократической воинской (рыцарской) эстетики.



Рисунок 2. Уникальное средневековое изображение слона в стороне от группы IVa.

Несмотря на возможность лучшего выбора, даже наиболее импозантные композиции выполнены на узких и грубых поверхностях скал, которые трудно рассмотреть. За редким исключением фигуры выбивались неглубоко, слой патины удалялся по силуэту неравномерно; некоторые древние изображения подновлены с добавлением новых деталей.

Некоторые средневековые петроглифы в Танбалы относящиеся к числу редких в наскальном искусстве Центральной Азии. Это, в первую очередь, крупное изображение слона с наездником вблизи поселения Танбалы I. Другим примером является сидящий антропоморфный персонаж на группе V, полная аналогия которому известна в Западной Монголии. На группе IV обнаружена древнетюркская руническая надпись в одну строку из шести знаков, она датируется VIII в. н.э. (Рогожинский, 2004, 74).

Более поздние периоды: Несколько столетий после монгольских завоеваний (XIII-XVI вв.) образуют «темные века» в истории Танбалы, и события этой эпохи не нашли сколько-нибудь заметного отражения в петроглифах. Не ранее XVII в. на скалах IV группы появляются калмыцкая (монгольская) молитвенная надпись и небольшая серия весьма схематичных антропоморфных изображений и животных, которые могут быть связаны с установлением в Семиречье политического контроля джунгар (ойратов).

Народные казахские рисунки XIX - начала XX вв., некоторые из которых отличаются большим изяществом, демонстрируют последний всплеск наскального творчества. Репертуар их предельно ограничен изображениями козлов, лошадей, всадников. Техника и качество рисунков различны: в основном это грубо выбитые камнем или небрежно процарапанные металлическим инструментом схематичные фигуры, реже – искусно нанесенные на скалы отдельные изображения или целые композиции. Значительная часть казахских петроглифов находится вблизи стационарных поселений или даже на отдельных камнях жилых построек.





Рис. 2. Карта распространения средневековых изображений тамг и древнетюркской эпитафии Чу-Илийского междуречья.

Памятники эпитафии: 1 – Актерек, 2 – Кулжабасы, 3 – Тамгалы, 4 – Копалы, 5 – Жынгылды. Изображения тамг: 1 – Актерек, 2 – Жайсан, 3 – Шокпар, 4 – Ушкызыл, 5 – Жынгылды, 6 – Кулжабасы, 7 – Аккайнар, 8 – Тамгалы, 9 – Каракыр, 10 – Когалы, 11 – Тырнакты, 12 – Ашысу, 13 – Серектас, 14 – Кашенгель, 15 – Шолакэспе.



Карта-схема распространения основных типов тамг-петроглифов на юге Казахстана и Центральном Тянь-Шане.

Работа выполнена в рамках целевого финансирования программы BR10164111 «Культурное наследие Великой степи и культурный код казахов: цивилизационный контекст». Источник финансирования - Министерство культуры и информации Республики Казахстан.

Использованные источники и литература

Великая степь: история и культура. Астана: 2019. С. 208.

Новожинов В.А. Наскальные летописи золотой степи. Алматы: 2020. С. 779.

Рогожинский А.Е. Сборник научных трудов. Казахи Евразии: история и культура. Омск: 2016. С. 223.

Рогожинский А.Е. Материалы международной научной конференции. Наскальное искусство в современном обществе. Кемерово: 2011. С. 217.

Рогожинский А.Е. Сборник материалов международного научно-практического семинара «Историко-культурное наследие и современная культура». Алматы: 2012. С. 91.

Рогожинский А.Е., Хорош Е.Х., Чарлина Л.Ф. О стандарте документации памятников наскального искусства Центральной Азии, Памятники наскального искусства Центральной Азии: общественное участие, менеджмент, консервация, документация. Алматы: 2004. С. 60–74.

Самашев З.С., Базылхан Н. Древнетюркские тамги. С. 10.

ЖАНКЕНТ-ӘЛЕМДІК МАҢЫЗЫ БАР ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШ

Annotation. The article presents new data on the place of the city of Zhankent in world history in the archeology of Central Asia and Kazakhstan. Information is provided about the size of the city of Zhankent, excavations and museum experience of the scientific center “Archeology and Ethnography” of the Korkyt Ata Kyzylorda University in the city.

Key words: settlement, archeology, medieval, excavation, complex.

Аннотация. В статье представлены новые данные о месте города Жанкента во всемирной истории в археологии Средней Азии и Казахстана. Приводятся сведения о размерах города Жанкента, раскопках и музейном опыте научного центра «Археология и этнография» Кызылординского университета имени Коркыт Ата в городе.

Ключевые слова: городище, раскопка, археология, средневековые, комплекс.

Жанкент қаласы – қазіргі Сырдарияның төменгі ағысы Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Жанкент ауылынан (бұрынғы Өркендеу ауылынан) оңтүстікке қарай 1,5 км жерде орналасқан.

Қалашықтың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатқан «Т» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығыңқы тіктөртбұрышты болып келеді. Оның аумағы шамамен 15 га, 415 x 230 (шығыс бөлігінде – 320 м) м. Бүгінгі күні ескерткіштің ең жақсы сақталған бөлігі оның фортификациясы қорғаныс жүйесі – Шығыс беткі жартылай дөңгелек шығыңқы мұнаралары бар пахсадан құйылған сыртқы қабырғалары. Бекіністің оңтүстік-батыс бұрышы кейінгі уақыттағы тұрғындар салған жолмен қатты бүлінген. Әлі күнге дейін қабырғалар бойымен аралары 25-40 м болатын дөңгелек қарауыл мұнараларының іздері сақталған.

Цитадельдің көлемі 100x100 м болатын төртбұрыш түріндегі бекініс қабырғаларынан тұрады. Қабырғалары айналасындағы жерлерден 7-8 м биік тікше, қаланың орта деңгейінен 3-4 м биіктікте орналасқан. Цитадельдің ішкі бөлігі көше желісімен бөлінген және үлкен үйлер алқабы тығыз салынған. Қаланың шахристаны батыстан шығысқа қарай сыртқы қабырғамен қатар орналасқан негізгі көшемен бөлінген. Көшенің тікбұрышынан қаланы үлкен үйлер бөліп тұрған тұйық көшелер тарайды. Әуеден түсірілген суреттерде құрылыс бедерлері анық көрінеді. Батыс пен шығыс жағында кіреберіс қақпасы болған (Воякин, 2017, 504-507).

Жанкент рабады қаланың шахристанынан солтүстікке қарай орналасқан. Рабадтың мәдени қабаттары қатты бұзылған және табиғи эрозияға ұшыраған. Жанкент Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші, айта кететін жайт Жанкент қаласы астаналық қала рөлінде болғандықтан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралардың алдын ала тізіміне «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинация компоненті бойынша 2012 жылы енгізілген. Бұл номинацияны алу үшін бірнеше критериялар қаралады.

Жазба деректерде оғыз тайпаларының тарихта танымал астанасы әртүрлі тілдер мен диалектілерде «Янгикент», «Жанкент», «Джанкент», «Шехрент», «ал-Карьят ал-Хадиса», «ал-Мадина ал-джадида», «Дих-и-нау», «Жаңа қала» деген атаулармен аталған. XI ғ. атақты араб тарихшысы ал-Идриси бұл қаланы «Жаңа гузия» деп атаған. X ғ. Бағдатта өмір сүрген араб географы және саяхатшысы Ибн Хаукалдың «Жаңа елді мекен» деп аталатын Жанкент туралы қызықты мәліметтері бар (Байпаков, 1998, 108-102, Байпаков, Воякин, Ильин, 2012, 22-44). Өзінің тарихи-географиялық жұмысында ол «Жаңа елді мекен» Оғыз мемлекетінің

қысқы астанасы деп нақтылайды. Демек, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Жанкент ең үлкен елді мекен болған. Ол тек астана ғана емес, ол Оғыз патшасының қысқы ордасы қызметін де атқарған. Жаңа Гузияны Оғыз мемлекетінің саяси орталығы ретінде таңдауы көптеген жағдайларға байланысты болды (Аржанцева, Зиливинская, Караманова, Рузанова, Уткельбаев, Сыдыкова, Билалов, 2010, 64-68). Олардың ішіндегі ең маңыздысы Орта Азияның ірі ауылшаруашылық оазистерімен шектесіп жатқан Жанкенттің қолайлы географиялық аймақта орналасуы болды (Сыдыкова, 2014, 11-15). Ежелгі қаланың бірегейлігі жөнінде жергілікті археологиялық ескерткіштерді көне ескерткіштермен қатар қойған кезең XIX ғ. Орыстың ғалымы, танымал өнертанушы, тарихшы, архивист, сол кездегі қоғам қайраткері В.В. Стасов:«... Жанкенттің маңындағы ескі қала неге біздің Помпей бола алмайды?» – деп атап өтеді (Воякин, 2017, 505).

Патшалық Ресей тарапынан әскери офицерлер бұл ескерткішті Сырдарияның бойындағы бекіністерге негізделген тарихи маңызды нысан ретінде санайды. Олар ескі елді мекендерді сақтауға әрекет жасап, көне ғимараттардың жойылуына, олардың кірпіштерін тасып әкетуге тыйым салады. В. В. Стасов бұл туралы: «Әдетте ескі заттарға ешқандай көңіл бөлмейтін әскери адамдар..енді..қирағандарға қызығушылық танытуда, олардың ғылымдағы маңыздылығы туралы ойлайды, оларды қорғау үшін сақшылар қояды, оларды кез-келген залалдардан қорғауға тырысады. Бұл біз үшін жақсы жаңалық емес пе?» – деп жазады. Арал маңы мен Оңтүстік Қазақстанның археологиялық зерттелу тарихы XIX ғ. екінші жартысында Ресейге қосылғаннан кейін басталады. 1867 ж. мұнда Ресей археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша белгілі шығыстанушы П.И. Лерх келді. Ол ортағасырлық Жанкент, Сауран, Сығанақ қалаларының қираған орнын зерттеп, сипаттайды, Жанкентте қазба жұмыстарын жүргізеді. 1867–1868 жж., кейінірек 1869–1870 жж. Оңтүстік Қазақстанда белгілі орыс суретшісі В. В. Верещагин болды. Ол Жанкентте қазба жұмыстарын жүргізу барысында қыштан жасалған бұйымдар анықтаған, Сырдария алқабының ежелгі дәуірін зерттеудің келесі кезеңі 1895 ж. Ташкентте В. В. Бартольдтің ғылыми қолдауымен құрылған Археология әуесқойларының түркістандық үйірме мүшелерінің зерттеулерімен байланысты. Олар Түркістан археологиясына барынша қызығушылық танытқан адамдарды, зиялы қауым өкілдерін, әскери қызметкерлерді, шенеуніктерді біріктірді.

Кеңестік кезеңде зерттеулер мен Ұлы отан соғысынан кейінгі кезеңде Арал өңіріндегі зерттеу жұмыстарын КСРО Ғылым академиясының профессоры С. П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясы зерттеген кейін, 1947 жылы Советская этнография журналында Города гузов мақаласында Кескен күйік қала, Жент қаласы, Күйік қала, Жанкент қалалары жайлы мәлімет берілген, деректерді талдап, топографиялық жоспарлары әуеден түсірілген суреттерде берілген. Кейіннен бұл мақаланы бірнеше тілде жарияланды (Толстов, 1947, 55-162).

2005 жылдан қалада кең көлемде қазба жүргізу жұмыстарын бастаған Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті бірлескен экспедиция, РФ ҒА М.М. Миклухо-Маклая атындағы Этнология мен антропология институты Германия Федеративтік Республикасы Тюбнген университетімен де зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Археологиялық зерттеулер жүргізілген 16 жыл ішінде Жанкент қаласының орнында алыс-жақын шет елдерден бірнеше экспедиция жұмыстары жасалды (Билалов, Тажекеев, Дарменов, 2018, 380-386). Қазіргі таңда қала аймағында бірнеше қазбалар жүргізу үстінде соңғы нәтижелері қазба барысында табылған мысық сүйегіне кешенді лабораториялық талдау жасалған қала тұрғындарының қолмен сүт беріп өсіргендігі анықталды. бұл жайлы көптеген отандық және шет елдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарияланды (Haruda, Ventresca, Miller, Raijmans et cetera. 2020).

2005 жылдан Жанкент қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде салынған №1 қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Ашылған нысанда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Қазбадағы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бірнеше ауқымды тұрғын-

үй кешені және құнды музейлік жәдігерлер табылды (Аржанцева, Зиливинская, Караманова, Рузанова, Уткельбаев, Сыдыкова, Билалов, 2010, 105-108) .

Ортағасырлық Жанкент ескерткішіндегі археологиялық зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның ортағасырлық тарихын, соның ішінде оғыз тайпаларының тарихын зерттеуге зор үлесін қосуда. (Билалов, Тажекеев, Дарменов, 2018, 25). 2005-2022 жж. далалық жұмыстарының нәтижесінде №1 қазба учаскесінде жаңа тұрғын бөлмелер ашылып, кешен құрылысындағы маңызды негізгі қабырғалар және олардан әртүрлі бағытта (шығыс және батыс) екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер орналасқандығы анықталды. Цитадельдің солтүстік бекініс қабырғасында диаметрі 6 м-ден 7 м-ге дейін жететін 5 шығыңқы мұнаралар аршылып, цитадельдің солтүстік қабырғасында ұзындығы 94 м болатын бөлігі тазартылып, қайта қалпына келтіру жұмыстарына дайындық жүргізілді.

Қала аймағында №7 қазбада 300 м²-ге жуық аумақта қазба жүргізілді. Мерзімделуі екі түрлі кезеңге тиесілі бекініс қабырғалар аршылды. Сондай-ақ, ерте кезең қабырғасына ішкі жағынан іргелес орналасқан тұрғын-жай фрагменттері аршылды.

Ашық аспан астындағы музейлендіру барысында профилактикалық тұмшалау жұмыстарының нәтижесінде №1 және №2 қазба нысандарында аршылған архитектуралық құрылыстар тұрғын үй мен мұнаралар жергілікті халық тұтынатын қолжетімді құрылыс материалдары үш қабатты сылақпен: «қарабатпақ», сабан қосылған топан және күріш кебегі қосылған топанмен сыланған, бұл ашылған нысандарды ұзақ уақытқа дейін сақтау жұмыстары жасалуда, ол қала орнына келген туристерге көрсетілуде.

Қазба аумағында ағаш материалдардан жасалған уақытша жол мен нығайту құрылыстары салынып келеді. 2022 ж. табылған археологиялық материалдарды талдау нәтижелері негізінен жапсырмалы әдіспен дайындалған керамикалық ыдыс-аяқ түрлері басым.

Қазіргі таңда соңғы қазба жұмыстары барысында ортағасырлық Жанкент ескерткішінің шамамен 450 м² аумағы зерттелді. Келесі 2023 ж. шаруашылық-тұрғын үй кешенінде (№1 қазба), шығыс қақпасында (№7 қазба) және ескерткіштің цитаделінің батыс қорғаныс қабырғасында қазба жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Қазіргі таңда Жанкент қаласының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және Сыр өңірінің қасиетті орындар жобасы аясында "жалпыұлттық қасиетті нысандар" тізіміне енгізілген (Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар, 2019). 2019 жылы қалашықтың аумағы толық қоршалып, қалаға кіре беріс жерге «JANKENT» стелласы орнатылған. Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті (www.virtualmap.kyz) картасында қалашық туралы ақпарат енгізілген. QR-код тақтайшасы орнатылған. Қазіргі таңда Жанкент қаласы Қызылорда облысы аумағында орналасқан туристік нысан ретінде қызмет көрсетіп тұр. Жанкент қаласындағы археологиялық зерттеулер Қорқыт Ата университетінің ғалымдарымен бірнеше конференцияларда шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер

Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. – Ашхабад: Гылым, 1969. 294 с.

Байпаков К. М. Средневековые города на Великом Шелковом пути. – Алматы: Гылым, 1998. 216 с.

Байпаков К. М., Воякин Д.А., Ильин Р.В. Города Хувара и Янгикент – старая и новая столицы государства огузов // Вестник МИЦАИ. 2012. Вып. 16. С. 22–44.

Зиливинская Э. Д. Очаги жилого комплекса на городище Джанкент // Известия НАН РК. Сер. обществ. и гум. наук. 2013. № 3 (289). С. 84–93.

Толстов С. П. Города гузов // СЭ. 1947. № 3. С. 55–162.

Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Наука, 1962. 322 с.

Билалов С. У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Итоги археологических исследований на городище Джанкент (2010-2017 гг.) // «Рухани жаңғыру және археологиялық мұра. Марғұлан оқулары – 2018». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. Алматы – Ақтөбе, 2018. 639 б / «Марғұлановские чтения – 2018. Духовная модернизация и археологическое наследие». Сборник материалов Международной научно-практической конференции. Алматы – Ақтөбе, 2018. 639 с.

Haruda, A. R. Ventresca Miller, J.L, Paijmans, A. Barlow, A. Tazhekeyev, S. Bilalov, Y. Hesse, M. Preick, T. King, R. Thomas, H. Härke & I. Arzhantseva. The earliest domestic cat on the Silk Road // Scientific Reports (2020) 10:11241 <https://doi.org/10.1038/S41598-020-67798-6>

Аржанцева И. А., Зиливинская Э. Д., Караманова М. С., Рузанова С. А., Уткельбаев К. З., Сыдыкова Ж. Т., Билалов С. У. Сводный отчет об археологических работах на городище Джанкент в 2005–2007, 2009 гг. Кызылорда: «Компас Кызылорда», 2010. 162 с.

Сыдыкова Ж. Т. Место Джанкента в средневековой Истории Приаралья: Огузы и их города по средневековым письменным источникам // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). Алматы: Издательство «Арыс», 2014. С.11-15

Воякин Д.А. Жанкент қаласы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы // Табиғат, археология, этнография және сәулет өнері нысандарының тізілімі. Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 1- шығарылым. 504-507 бб.

Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар // жоба авторы: С. Қосан; жауапты редактор: А. Жұмабекқызы. Кызылорда: «Тұмар» баспасы, 2019. 432 б. : суреттер, аудиожазба. – (Рухани жаңғыру).



Сурет 1. Жанкент Google планета земля ғарыштық программасы арқылы түсірілген суреті.

¹ АЙТҚҰЛ Хамит Амантайұлы

PhD докторант,

² ТУЛЕГЕНОВ Туралы Жақсылықұлы,

³ ЗІКІРИЯ Досым Қуатұлы,

⁴ ҚҰРБАНӘЛІ Жазира

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

¹ khamit.boray@mail.ru, ² tu4dik@mail.ru,

³ kyrbalasy@mail.ru, ⁴ zhazi1981@inbox.ru

Есік, Қазақстан

2021-23 ЖЖ. РАХАТ ШАТҚАЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Abstract. The Rakhat archaeological complex under study is located on the floodplain terraces of the Rakhat River, on the northern slope of the Zailiysky Alatau ridge, Enbekshikazakh district of Almaty region, along the Orman Gorge, between the cities of Talgar and Issyk. The Rakhat Archaeological Complex is a unique mountain valley in which you can trace the history of the

region from the Stone Age to the Late Middle Ages on a small territory. This article presents the results of archaeological research conducted in 2021-23 on the territory of the middle part of the Rahat River valley.

Key words: Rakhat complex, territory, mountain valley, archeology, northern

Аннотация. Исследуемый археологический комплекс Рахат расположен на пойменных террасах реки Рахат, на северном склоне хребта Заилийского Алатау, Енбекшиказахского района Алматинской области, вдоль ущелья Орман, между городами Талгар и Иссык. Археологический комплекс Рахат-это уникальная горная долина, в которой можно проследить историю региона от каменного века до позднего средневековья на небольшой территории. В данной статье представлены результаты археологических исследований 2021-23 гг., проведенных на территории средней части долины реки Рахат.

Ключевые слова: комплекс Рахат, территория, горная долина, археология, северный

«Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» жобасы аясында 2021-2023 жж. далалық маусымда археологиялық қазба жұмыстары Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат өзенінің оң жағалауында Іле Алатауы жотасының солтүстік баурайындағы тау етегінде төмендегідей жұмыстары атқарылды:

1) Қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі (соның ішінде ежелгі түркілер) ескерткіштеріне қатысты зерттеу бойынша жазба дерекнамаларының базасы дайындалды, далалық қазба жұмыстары, қола дәуірінің екі обасына, ерте темір ғасырының 4 обасына, орта ғасыр ескерткіштеріне, соның ішінде 7 обасына және Рахат қала жұртының оңтүстік, солтүстік, шығыс және батыс бөліктерінде жүргізілді;

2) Рахат шатқалында бұрын соңды тіркелмеген археологиялық ескерткіштерді анықтау, жалпы жай-күйін бағалау және жедел зерттеу жүргізілуге тиісті (апаттық жағдайдағы) археологиялық нысандарды (обаларды) анықтау жұмыстары жүргізілді;

3) Далалық қазба жұмыстары барысында табылған артефакттер камералды өңделді, фотофиксацияланды, жүйеленіп ғылыми атрибуцияланды, қазба барысында анықталған материалдарға зертханалық талдау жасалды;

4) Қазақстан музейлерінің қорындағы ұқсас артефактілермен салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізілді;

5) 2021-23 жж. Рахат шатқалындағы далалық зерттеулерінің нәтижелері жөнінде, жоба орындаушылары жалпы – 17 мақала жариялады, соның ішінде 4 ғылыми мақаланы БҒСБК ұсынған ғылыми баспаларда жарияланды (Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы), 1 ғылыми мақала шет елде, 12 ғылыми мақала мерзімді басылымдарда.

Қазба барысында табылған артефактілерді зерделеу үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолданылды: аналитикалық зерттеулер нәтижесін ескеретін, синтез әдісі, салыстырмалы, типологиялық, хронологиялық (мерзімдеу) әдістер. Мерзімдеу (қолданыста болған уақытын анықтау) салыстырмалы әрі абсолютті болуы мүмкін. Бірінші жағдайда кез-келген оқиғаның қандай да бір абсолютті уақытты есептеу шкаласынан тәуелсіз хронологиялық реттілігі анықталады. Екінші жағдайда оқиға қандай да бір шкала түрімен байланыстырылады – бірінші кезекте күн жылдары бойынша біздің заманымызға дейін және біздің заманымыз, тіпті нақты бір жыл, жүзжылдық, мыңжылдық және т.б. сол секілді халықаралық жыл санау жүйесі қабылданған. Салыстырмалы мерзімдеу үшін негізгі мынадай әдістер қолданылады: стратиграфиялық әдіс, салыстырмалы-типологиялық әдіс және тоғыспалы мерзімдеу әдісі.

Археологиялық зерттеулердің ақпараттылығын жоғарылату – далалық зерттеулерден бастап теориялық жиынтықтауға дейінгі олардың барлық уақытында өзекті мәселе болып табылады. Археологиялық нысандар туралы ақпарат жетімсіздігі өте ерте заманнан деректерді анықтау секілді жалпыға мәлім қиындықтарға ғана байланысты емес. Қазба барысында алынған материалдардың әр түрлілігі әр түрлі ғылыми сала мағлұматтарын

ескере отырып, оларды жан жақты өңдеуді талап етеді. Әр түрлі әдістемелерді біріктіру қажеттілігі осындай зерттеулерді ұйымдастыру мәселелерінің туындауын топшылайды.

Бір мәдени қабаттан байқалған антропологиялық материалдар және артефакттардың зерттелгенділік дәрежесі арасындағы үйлеспеушілік осы пайымдауды растайтын мысал болып табылады. Бірыңғай археологиялық мәнмәтінмен байланысқан осы материалдар тұлғалық сипатта айтарлықтай бөлінеді, бұл тек қазба және консервация әдістемелерін ғана емес, сонымен қатар, аналитика тәртіптерінің әмбебап әдістемелерін өңдеуде қиындықтар туындатады. Археологиялық және палентологиялық әдістердің пайдалы үйлесімі археологиялық ескерткіштерді зерттеу тәжірибесіне ертеден енгеніне қарамастан, айтып отырған үйлеспеушілік көптеген археологиялық зерттеулерден байқалады.

Ежелгі қоныстар мен қорымдардан алынған остеологиялық материал сипаттамасы көбінесе түрін анықтаумен және затты пайдалану жайында талдаумен шектеледі. Сонымен, антропологиялық материалды тереңірек зерттеу қазба жұмыстарының ақпараттылығын айтарлықтай жоғарылатады. Сонымен бірге, ескерткіштен барынша мол ақпарат алу маңызды болып табылады.

Жалпы обаларда жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отырғандай обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарын саралай келе, алдын-ала болжам бойынша, олар әр тарихи кезеңге жататындығын айтуға болады. 2021 ж. далалық маусымдық қазба жұмыстары Рахат өзенінің оң жағалауында Іле Алатауы жотасының солтүстік баурайындағы тау етегінде орналасқан Рахат қорымының шығыс тобында орналасқан қола дәуірімен мерзімделетін екі обада жүргізілді. Осы топтың қола дәуірі обаларынан табылған заттарды саралай келе, алдын-ала болжам бойынша кейінгі қола дәуірінің мәдениетіне жататын көлсай үлгісіне жатқызуға болады.

2022 ж. ерте темір дәуірінің обаларына жүргізілген далалық археологиялық қазба жұмыстары бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: аталмыш обаны тұрғызған (салған) сөзсіз ерте темір дәуірінің тұрғындары болып табылады. Оған дәлел ретінде біріншіден, обаның сыртқы құрылым-құрылысын тұрғызу әдісі, екіншіден обаға жақын маңда (10-15 м шығысқа қарай) ерте темір дәуірінің обалы қорымының табылуы (нәм орналасуы) яғни, ежелгі тұрғындардың жерлеу құрылым-құрылысын тұрғызу кезіндегі аталмыш микроөңірге дәстүрлі обалы қорымның оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасуы. Ал, обадан ешқандай жерлеу орнының табылмауы оны – кенотаф болуы мүмкін деген болжам жасауға болады.

Жерлеу және еске алу ғұрыптары физика-географиялық факторларға, этномәдени, әлеуметтік-экономикалық және әртүрлі халықтардың дамуының дүниетанымдық аспектілеріне байланысты әр түрлі элементтер мен формаларын қамтиды. Мұндай рәсімдік циклдің ең маңызды құрамдас бөлігі – қайтыс болған адамды жерлеу процесі. Сонымен бірге, түрлі халықтардың діни жүйелерін зерттеу кезінде археолог ғалымдар кенотафтар сияқты құбылысқа тап болды, яғни жерлеу рәсімінің барлық элементтері сақталған, алайда жерлеу шұқырында жерленген адамның қаңқасының (скелет) болмауы.

Кенотафтардың құрылыс-құрылымдары ежелгі дәуірден бастау алады. Олар Болгариядағы Варна энеолит қорымында (Грязнов, 1982, 99). Жаңа патшалық дәуіріндегі ежелгі Египеттің қорымдарында (б.з.д. XVI-XI ғғ.), Орталық Азияда, Ежелгі Греция мен Римде (Дашковский, Грушин, 51-52) табылды.

Алтайдың таулы аймағында бұл дәстүр ерте скиф дәуірінен бері бар (б.з.д. IX-VI ғғ. басы) (Тишкин, Дашковский, 2003, 266-271), яғни Сібір мен Орталық Азиядағы көшпелі мәдениеттердің қалыптасуынан басталады. Алайда, кенотафтар тек ежелгі және орта ғасырларда ғана емес, сонымен қатар, кейінгі кезеңдерде де, дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымы бар қоғамдарда да салынды (Матлин, Сафронов, 2014, 36-47).

2023 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі көрсетіп отырғандай обалардың сыртқы және ішкі құрылымдарын саралай келе, алдын-ала болжам бойынша, олар әр тарихи кезеңге жататындығын айтуға болады. Оған, дәлел ретінде № 2, 3 және 6 обалардан табылған олжалардың бір-біріне ұқсастығы, сондай-ақ, тонаушылар қалдырған іздердің де

сәйкестігінен байқаймыз. Аталмыш обаларды ерте ортағасыр уақытымен мерзімдеуге болады. Ал, № 4 обаға келсек, мұнан табылған олжалар кейінгі қола мен ерте темір дәуірлеріне тән екенін айта кеткен жөн болар. Қалған № 1, 5 және 7 обалардың мерзімделу уақытын анықтауға мүмкіндік болмай отыр, өйткені олардан айтарлықтай ешқандай заттай олжалар табылмады. Алайда, алдағы уақытта аталмыш обалардан анықталған адам қаңқаларына зертханалық зерттеулер жүргіземіз деген жоспар бар. Обалар бойынша қорыта келе келесі мәселелерді айтуға болады 1) обалардың басым бөлігі тоналған; 2) табылған адам қаңқалары өте нашар сақталған; 3) жоғарыда айтып кеткендей 0,45-0,50 м тереңдікті қамтитын қабаттан табылған қыш ыдыс фрагменттері арасынан қола дәуіріне тән фрагменттерде көптеп кездесті. Ол дегеніміз қорым орны, қола дәуірінде қоныс орны балған секілді.

Рахат қала жұртының оңтүстік, солтүстік, шығыс және батыс бөліктерінде өлшемдері: 5x5 м., 5x5 м., 5x5 м., 5x5 м қазба қазба орындары салынды. Аталмыш қазба орындары 0,70 м дейін тереңдетілді. Нәтижесінде: 1) төбе үсті шекаралары анықталды; 2) шаруашылық құрылыс орындары анықталды; 3) қыш ыдыс фрагменттері мен жануарлардың сүйектері табылды. Аталмыш қазба орындарынан 100 ден астам қыш ыдыстардың фрагменттері анықталды. Қыш ыдыстардың фрагменттері жасалу техникасы орта ғасырға тән, ішінде қызыл, қоңыр түстер көптеп кездеседі. Қыш ыдыстардың басым көпшілігінің ернеулері сыртқа қайырылған, бүйірі дөңес келген асханалық қыш қазандарға тән. Табылған артефактілердің ішінде қыш ыдыстың бүйірлері әлдеқайда көбірек табылды және ыдыс түптеріде кездесті. Рахат қала жұртынан үш жылдық кезеңде жалпы – 491 дана қыш ыдыс фрагменттері анықталды, 1) 2021 ж. далалық жұмыстар барысында 247 дана қыш ыдыс фрагменттері; 2) 2022 ж. 151 дана қыш ыдыс фрагменттері; 3) 2023 ж. 103 дана қыш ыдыс фрагменттері.

Аталмыш ескерткіштегі қазба жұмыстары барысында табылған қыш ыдыс фрагменттерінен, оның типтік пішіндерін бөліп қарастыруға болады. Бұл, қыш қазандар көлденең қимасы бар дөңгелек пішінді екі тұтқалы, олар көбінесе түйін түрінде бұралған. Олардың кейбіреулерінде бүйіріне бекіту кезінде салынған саусақтардың батырма іздері бар. Құлақша тәрізді тұтқалары да бар. Ыдыс қабырғалары қалың, отқа төзімді қыштан жасалған, құрамында елеулі кеуектер мен тесіктері бар. Құмыра тәрізді ыдыстардың мойны тік, ернеуі «Г» пішінді, сырты қалыңдау, мойын бітімі созынқы бүйірлене келе, төмен қарай конус секілді тарылады. Мұндай ыдыстардың бүйірі толқынды сызықтармен безендірілген. Тұтқалар мойынға бекітілген, кейбір тұтқалар саусақтардың батырмаларымен безендірілген. Су құятын құмыралардың мойны аласа, кейде шүмегі бар, бітімі шар тәріді толқынды сызықтармен безендірілген. Олардың көпшілігінде амфора тәрізді екі жағынан үлкен тұтқалар қарама-қарсы бекітілген. Сусымалы өнімдерді, астықтарды сақтауға арналған – үлкен қыш ыдыстары салыстырмалы түрде, мойыны кең, түбі салмақты мойынының жоғарғы бөлігінде ернеуінен төмен саусақ батырмаларымен және ирек сызықтармен безендірілген. Анықталған қыш ыдыстар қатарына хұм және хұмшалар кіреді. Қыш сазының құрамы бірдей, оның құрамында қыш ұнтақ, дала шпаты, органикалық заттар бар. Балшық жақсы араласқан, тығыз, сыртқы пішініне қарағанда, олар көзеші шарығында жасалған. Жоғары және біркелкі күйдіру температурасында түсі ашық қоңыр қызыл, кейбір жағдайларда сұрғылт болады.

Қыш ыдыс олжалардың ішінде құмыраның тұтқалары мен ернеуінің әсем фрагменттері ерекшеленеді. Қыш сазда ұсақ құм, қыш үгінділер, дала шпаты, органикалық материалдар бар. Балшықтағы құмның түсі біркелкі, балшық тығыз, жоғары сапалы. Ыдыстар ернеулердің тегіс шеңберіне қарағанда, сомдалып, жоғары температурада көзеші шарығында жасалған. Құмыралардың түсі ашық-қоңырдан қызғылт түске дейін болды, ыдыстардың беті қоңыр-қызыл ангобпен жабылған, бұл ыдысқа ерекшетен береді.

Қышты талдау, тарихи процестің мәнін ашуға және оны белгілі артефактілерді қолдана отырып реконструкциялауға мүмкіндік береді. Қыш ыдыстың жеке бөліктері адам денесімен тікелей ұқсастықпен аталады: «дене», «бітім», «иық» және т.б. Рахат (қала жұрты)


ескерткішінің қыш ыдыс кешені, дәлірек айтқанда Рахат археологиялық ескерткішінің орнынан табылған материалдар Қараханидтер дәуіріне тән пішіндер жиынтығымен сипатталады.

Рахат (қала жұрты) ескерткіші аумағында жүргізілген қазба жұмыстарының соңғы жылдарында қыш ыдыстарының үлкен коллекциясы жиналды және мүлде жаңа бірегей ақпарат алынды, олардың арасында орта ғасырларға тән ыдыстардың фрагменттері ерекшеленеді – қазандар, құмыралар, хумдар (Тулегенов, Чекин, Құрбанәлі, 2020, 65-78). Бұл деректер аталмыш ескерткіштің ұзақ уақыт өмір сүргенін көрсетеді. Қыш ыдыстарының көпшілігі фрагментарлы, археологиялық тұрғыда толық формалар жоқтың қасы.


Жалпы, қыш ыдыстар кез-келген археологиялық ескерткіштегі ең жиі кездесетін артефакт болып табылады. Бұл құбылыс, өндірістің салыстырмалы қарапайымдылығында және материалдың тез сынғыштығында және оның әрбір үй шаруашылығында пайдалану қажеттілігінде. Қыш ыдыстың кез-келген «анықталатын» фрагменті оның ерекшеліктеріне байланысты: көзешілер мектебі, бейнелеу мәдениеті, кейде таңбалау жүйесі және т.б., сондай-ақ, саз (шикізат) кен орны. Осылайша, дәуір мен этномәдени топты оңай анықтауға болады. Көзеші – топырақтан немесе саздан тұрмыстық заттар, рәсімдер мен басқа да ыдыстар алынған кезде – алғашқы шығармашылық кәсіптердің бірінің көрнекті өкілі болды, ал қыш ыдыстар фрагменті оның дәуірі туралы қомақты мәліметті қамтиды (Айтқұл, Железняков, Толемісова, 2023, 101-111).

Үш жылдық қазба жұмыстарының барысында нақты 971 дана жануарлар сүйегі анықталды: 1) 2021 ж. 343 дана жануар сүйегіне археозоологиялық зерттеу жүргізіліп, оның ішінде сүтқоректілерге тиесілі 327 дана жануар сүйектің 211 данасы нақты түрге ажыратылды (64,5%), үй жануарларына тиесілі остеологиялық материалдардан (65,7%), құлан/есек, құс, түлкі және түлкі/қарсақ сүйектері анықталды; 2) 2022 ж. зерттеуге 933 дана сүйек ұсынылып, оның 491 данасы нақты түрге ажыратылды. Нақты туысы мен түрі анықталған жануар сүйектерінің басым бөлігі үй жануарларына тиесілі (79%). Оның ішінде негізгі орында уақ мал сүйектері (50%) құрайды. Сүйек саны жағынан екінші орында ірі қара (30%), үшінші орында жылқы – 15,5%; 3) 2023 ж. 137 дана жануар сүйегі зерттеуге ұсынылып, оның 92 (67,1%) данасы нақты түрге ажыратылды. Остеологиялық коллекцияның ішінде 88% – үй жануарларының қаңқа элементтері құрайды. Оның ішінде негізгі орында сиыр – 48,1 % сүйектері болса, екінші орында уақ мал сүйектері – 34,5%, үшінші орында жылқы – 16%. Остеологиялық материалдардың ішінде жануарлардың қаңқа элементтерінің барлық түрлерінің кездесуі, жануарларды ескерткіш аумағында сойып, пайдаланғанын дәлелдей алады. Уақ мал сүйектерінің ішінде, жасы үлкендерінің көп болуы, аталған жануарды «жүні мен терісін» алу үшін өсіргенін жанама түрде айғақтайды. Әдетте, сойылған малдың ішінде жас жануарлардың сүйектері басым болса, аталған жануарлардың шаруашылықта «ет өнімін» алу үшін пайдалану мүмкіндігі жоғары екендігін көрсетеді. Ал жылқыларды «мініс көлігі» және «тасымал көлігі» ретінде пайдаланған. Мұны аталған жануар сүйектерінің ішінде жасы үлкендеріне тиесілі элементтерінің басым болуы айғақтай алады. Сиырлардың арасында ересек жануарлардың басымдығы, шаруашылықта «сүт өнімін» алумен байланысты санын арттырғанын көрсетеді. 2023 жылғы қазба материалдарының құрамында жабайы жануарлар фаунасынан еліктің сүйектері көп анықталды. Бұл қала тұрғындарының елікті мақсатты түрде аулағанын көрсетеді.


Сондай-ақ, Рахат (қала жұртынан) ескерткішінен алынған топырақ үлгілерінің палинологиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, оларда шөпті-бұталы өсімдіктердің тозаңы басым: жусан мен алабота. Ағаш тектестілердің тозаңы, үйеңкі тозаңымен ұсынылған. Сол үлгілердің карпологиялық талдауының негізінде алабота тұқымдасына жататын – көкпек (*Atriplex sp.*) жабайы өсімдіктердің біртұтас тұқымдары анықталды (1, 2, 3-сурет). Ағымдағы жылы 2021-23 жж. анықталған адам қаңқасының үлгілері генетикалық талдау зертханасына тапсырылды.



1-Сурет – Рахат (қоныс, қалашық) ескерткіші бойынша жасалған палинологиялық талдау нәтижелері: Үлгі 1: 1 - *Scabiosa sp.*, 2 - *Artemisia sp.*, 3 - *Lamiaceae*, 5, 6 - *Chenopodiaceae*, 7 - *Acer sp.*, 8 - анықталмаған пішін, 9 - *Liliaceae*.



2-Сурет – Рахат (қоныс, қалашық) ескерткіші бойынша жасалған палинологиялық талдау нәтижелері: Үлгі 1: 1, 2 - *Chenopodiaceae*, 3 - *Acer sp.*, 4 - анықталмаған пішін, 5 - *Liliaceae*.



3-Сурет– Рахат (қоныс, қалашық) ескерткіші бойынша жасалған карпологиялық талдаудың нәтижелері: үлгі 5: 1, 2 – көкпек тұқымы - *Atriplex sp.*, 3 – шөптесін өсімдіктердің тамырларының фрагменттері, 4 – қазіргі көкпек тұқымдарының фотосуреттері, 200 есе үлкейтілген түрі.

Айта кетер бір жәйт бар, аталмыш жоба шеңберінде, ағымдағы жылдың 4 қарашасында «Есік» музей-қорығының 4 залында бірегей көрме ашылды. Көрмеге бас аяғы 100 ден астам археологиялық заттар қойылды. Сондай-ақ, көрмеге 2017-2019 жылдар аралығында қытайлық әріптестерімен бірге аталмыш ескерткішті зерттеу барысында анықталған материалдардың да қысқаша тарихы берілген (4, 5-сурет).



4-Сурет – «Есік» музей-қорығының 4 экспозициялық залында «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» атты жобасы шеңберінде ашылған бірегей көрме



5-Сурет – «Есік» музей-қорығының 4 экспозициялық залында «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» атты жобасы шеңберінде ашылған бірегей көрме

2021-2023 жж. қазба жұмыстарының барысында зерттелген барлық нысандарда (оба, қала жұрты) археологиялық қазба жұмыстары толығымен аяқталды, барлық нысандарда геотекстиль материалын пайдалана отырып консервациялық (қайта көму) жұмыстар жүргізілді. Рахат шатқалында 2021-2023 жж. жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында анықталған олжалардың жалпы статистикалық көрсеткіші түзілді (6-сурет).



6-Сурет – Рахат шатқалында 2021-2023 жж. жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында анықталған олжалардың жалпы статистикалық көрсеткіші

Мақала «Рахат археологиялық кешенін зерттеу: қола дәуірінен кейінгі ортағасырға дейінгі тарихты реконструкциялау» ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында орындалуда.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер

- Айтқұл Х.А., Железняков Б.А., Толемісова Д.Қ. Результаты полевых исследований в ущелье Рахат в 2021-23 гг. (по керамическим материалам) // ХАБАРШЫ «Тарих сериясы» / ВЕСТНИК «Серия историческая» / JOURNAL «Bulletin of history. Al-Farabi Kazakh National University» ғылыми журналы. 2023. – №4 (103). С.227.
- Грязнов М.П. О кенотафах // Проблемы археологии и этнографии. Иркутск, 1982. С. 98-99.
- Дашковский П.К., Грушин С.П. Кенотафы пазырыкского времени Горного Алтая // Археология и этнография Сибири и Дальнего Востока. Улан-Удэ, 1998. С. 51-52.
- Матлин М.Г., Сафронов Е.В. Кенотафы как одна из современных форм объективации памяти о погибших. Этнографическое обозрение № 2, 2014. С. 200.
- Тишкин А.А., Дашковский П.К. Социальная структура и система мировоззрений населения Алтая скифской эпохи. Барнаул, 2003. 430 с.
- Тулгенов Т.Ж., Чекин А.Г., Құрбанәлі Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. //Археология Казахстана. – № 2(8). – Алматы, 2020. С. 165.

СЕМБИНОВА Лаззат Әбілқасымқызы,
*«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және
табиғи қорық-музейі*
Sembinova_L@mail.ru
Ұлытау, Қазақстан

ҰЛЫТАУ ДАЛАСЫНЫҢ КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ: ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Abstract. The article examines ancient written sources and data of modern historians about the caravan routes of Zhezkazgan-Ulytau region, reviews archaeological studies of monuments along these roads. It shows the place of the "copper" and "Sarysu" caravan routes that passed through the Ulytau region in the history of Eurasia and the Great Steppe and the influence of caravan roads on the development of the economy and culture of the region.

Key words: Ulytau, Sarysu, copper way, caravan, metal, trade, raw materials, archeology, monument, settled culture.

Аннотация. В статье рассмотрены древние письменные источники и данные современных историков о караванных путях Жезказган-Улытауского региона, проведен обзор археологических исследований памятников вдоль этих дорог. Показывает место караванных путей «медный», «сарысуский» проходивших через улытауский регион в истории Евразии и Великой степи и влияние караванных дорог на развитие хозяйства, культуры региона.

Ключевые слова: Улытау, Сарысу, медный путь, караван, металл, торговля, сырье, археология, памятник, оседлая культура.

Тарихи тамыры тереңге кеткен Сарыарқаның сайын даласы құпияға, шежіре мен жылнамаға, жұмбақ пен тарихқа толы. Соның бір бөлігі Жезказған-Ұлытау өңірі ежелгі заманнан экономикалық, саяси, мәдени жағынан адамзат әлемін өзіне тарта білді.

Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағын қамтыған төрт негізгі тармағының (Жетісу, Сырдария, Сарыарқа, Маңғышлақ) солтүстік бағыты – Сарыарқа бөлігі Орталық Қазақстанның «Ұлы дала» – Дешті-Қыпшақ арқылы өткен. Ірі өзен-көлдер бойымен өткен бұл тармақ су жағалауларда отырған халықтармен сауда жасай отырып, өз алдына ұсақ өзендер арқылы Ұлытау бөктеріне, Есіл, Нұра, Сарысу, Ертіс жағалауларына жеткен. Осы керуен жолдары арқылы Орталық Қазақстан Ұлы Жібек жолы жүйесіне енген (Қазақстан тарихы, 1996, 497).

Шикізат ресурстарына – мал, жүн, былғары, металлға бай Орталық Қазақстанның аудандары сауда байланыстары жүйесіне, оның ішінде халықаралық байланыстарға тартылып, Жібек жолы жүйесіне көптеген керуен жолдарымен енген (Бейсенов, 2017, 176).

Жезқазған-Ұлытау өңірін қатысы бар б.д.д. I мыңжылдықтың ортасында жұмыс істей бастаған «дала жолы», б.з.д III-II мың жылдықта басталған «мыс жолы» (кейін «Сарысу жолы») және «хан жолы» тармақтары арқылы қалайы, мыс, қорғасын, күмістің бай кен орындары орналасқан жерлермен ірі жолдары байланысып отырған. Осылай шикізатқа, малға, жүнге, теріге, металлға бай аудандарға баратын керуен жолдары пайда болды. «Сарысу» және «Хан жолдарының» пайда болуы көшпенді халықтың оңтүстік аймақтарымен жақсы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді және Ә.Х.Марғұланның айтқанындай өңірдің түсті металлын сол заманда Мысыр, Парсы елдері жақсы сатып алуына түрткі болды (Марғұлан, 1985. 177).

Ә.Х. Марғұлан жазған Ұлытау өңірі арқылы өтетін «сарысулық» немесе «мыс» жолын болғандығын сақталған керуен сарайлар, бекіністі қоныстар, қалашықтар мен қарауыл-күзет мұнаралары растайды. Керуен жолының арқасында өркениет, қолөнер, сауда дамыды. Керуендердің жолында орналасқан қалашықтар қарқынды дамыды. Түркі халықтарында қолөнердің қалыптасуы мен әртүрлі тәсілдері қолданылды. Тауарларды өндірудің әртүрлі технологиялары игерілді, сауда айналымы өсті. Көшпенділер мен жартылай көшпелі түркі тайпалары біртіндеп қоныстануға көшті. Бұған ғалымдардың археологиялық қазбалары да дәлел бола алады.

«Мыс жолы» Ұлы Жібек жолына дейін болған жол, ал Ә.Марғұлан және басқа да ғалымдардың тарихқа енгізген оның атауы – «Сарысу жолы». Сарысудың өзенінен Ұлытауға бұрылатын жері қазіргі Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстікте орналасқан. Сарысу өзенінен Ұлытауға дейін Қара кеңгір және Сарыкеңгір арқылы жетуге болады. Яғни Ұлытау өңіріне келетін керуеннің басты жолы Сарысу өзені арқылы іске асқан. Сарысу өзені арқылы жүру солтүстікте орналасқан елді мекендерге ең жақын жол және өзен бойындағы тіршілік көзі, халықтың шоғырлануы, аң-құстардың мекендеуіне қолайлы жер. Оңтүстіктен шыққан керуендер Сарысудың бойымен Ұлытау арқылы солтүстік асып Сібірге зат апарып, ол жақтан бағалы заттар, алтын, күміс, аң терісі, тағы басқа тұрмысқа қажетті заттарды оңтүстікке тасымалдаған. Жібек жолының Ұлытау өңірінде үш бағытта болған. Бірінші бағыт – Отырар-Ұлытау, екіншісі – Жанкент-Ұлытау, үшіншісі – Балқаш-Ұлытау (Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 1994, 86).

Орталық Қазақстанға бастайтын «Сарысу жолы» Отырардан шығып, Шавгар мен Тұран асуы арқылы Ақсуға, Сарысудың төменгі ағысынан өзенді жоғары өрлейтін Ұлытауға керуенді жеткізген. Одан әрі Торғай, Есіл мен Ертісті бойлап кетеді (Манапова, 2021. 50-63)

Көптеген араб-парсы саяхатшылары осы сауда жолдарымен келіп, талай тарихи оқиғалардың куәсі болды. Әл-Идриси, М.Қашқари, Гардизи еңбектеріндегі осы өңірдің ескерткіштері мен халқының тұрмысы жайлы суреттемелер берілгені жайлы Ә.Марғұлан жазып қалдырды. Әл-Идриси дерегінде күміс кен орындарында көп металл өндірілгені жазылады. Шаш қаласының саудагерлері оларға айырбастау үшін тауарлармен баратынын, олардан мыс және күміс тиеген көптеген түйелерді сатып алғандарын және оларды басқа елдерге апаратынын айтады (Марғұлан, 1972, 22-28).

Ұлытау өңірі жайлы Геродот пен Страбонның, Гардизи, әл-Идриси, әл-Бируни жазба деректерін қазіргі кезеңдегі археологиялық зерттеулер толықтырып отыр. Ежелгі грек тарихшылары бүгінде Ұлытау тауларының батыс сілемдерінде жерленген патша қорғандары бейнеленген исседон сақтары туралы құнды мәліметтер қалдырды. Кеңестік тарихнамада исседондар «Чуд» этнонимімен танымал. Геродоттың массагеттер жауынгерлік қару-жарақтарының металл бөліктерін мыстан, ал бас киімдер, белбеулер мен белдіктер алтынмен безендірілген, ат әбзелдері алтынмен жалатылған деген жазбалары археологиялық деректер негізінде дәлелденіп отыр. Оларда темір мен күміс мүлдем жоқ, өйткені бұл металдар бұл елде мүлдем кездеспейді деген дерек береді (Геродот, 1972, 24). Геродоттың сипаттамаларына сәйкес, I мыңжылдықтың ортасында «дала жолы» Қара теңізден Дон

жағалауларына, содан кейін Оңтүстік Оралдағы савромат жерлеріне, Ертiске және одан әрi Алтайға Жоғарғы Ертiс аймағын мекендеген аргиппи еліне, сол жерден Моңғолия мен Қытайға қарай жүрдi. Бұл жол Қазақстан арқылы едәуір уақыт қызмет жасап тұрды. Оның бойында қытайлық жібек пен ирандық кілемдер сақтарға түсіп, олардың қалдықтары Алтайдағы Пазырық қорғандарын қазу кезінде табылған. Бұл өз алдына сақтардың Алтай, Сібір, Еуропа, Шығыс халықтарымен сауда байланысы болған «дала жолы» жұмыс істей бастағанын көрсетеді.

Сарысу мен Қара кеңгір қилысында орналасқан Болған Ана кесенесінде 2018 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында сақталған маталар, алтын жіптермен кестеленген жібек киімдер және былғары етіктер табылды, яғни ауқатты отбасылары Жібек жолы арқылы қымбат мата алдырып, киімдерін тіктіргендері көрінеді. Болған Ана киімінің үлгісін жасаған Татьяна Крупа зерттеу нәтижесінде табылған шапанның матасы өте қымбат екенін, оны тек хан әулетінің лауазымды адамдары кигенін айтады (Крупа, 2019, 142).

Ал мыстың көп шоғырланған жері Ұлытау-Жезқазған және Шығыс Қазақстан өңірі екені белгілі. Мыс бақыр тиындар сауда-саттық төлем ретінде жүргенін айтсақ, онда осы «мыс жолы» арқылы Ұлытау өңірінің мыс металлы басқа өңірлерге шикізат ретінде жеткізіліп отырылғанын білдіреді.

А.Х.Марғұлан Жетіқоңыр сауда жолдарын сипаттай отырып, негізгі саудагерлер шоғырланатын нүктелердің бірі ретінде Шу өзеніндегі Той-өткелді атап өтеді, сол жерден судан өткен керуендер жан-жаққа жол тартатынын көрсетеді. Осындай өзендердің түйіскен жерлерінде, ірі өзендердің өткелдерінде, халық көп шоғырланған жерлерде керуендердің жұмыстары қызу жүрген. Қазірдің өзінде ірі өзендер қатарына жататын Сарысу өзеніндегі Тасөткелден кезінде солтүстікке баратын керуендер өткен (Марғұлан, 1949, 72–73).

Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Кисленко А.М. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г.; Приложение I - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г. (карта, чертежи, зарисовки артефактов); Приложение II - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1983 г. (фотодокументы) / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1983 г. Оп. №2012, №2013, №2014. 72 с., 49 с., 31 с.

Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Кисленко А.М. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г.; Приложение I - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г. (карта, чертежи, зарисовки артефактов); Приложение II - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1984 г. (фотодокументы) / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1984 г. Оп. №2048, №2049, №2050. 124 с., 73 с., 36 с.

Кисленко А.М., Зайберт В.Ф., Плешаков А.А. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1985 г.; Приложение I - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1985 г. (карта, чертежи, зарисовки артефактов); Приложение II - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1985 г. (фотодокументы) / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1985 г. . Оп. №2096, №2097, №2098. 153 с., 107 с., 43 с.

Зайберт В.Ф., Плешаков А.А. Отчет о полевых исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1986 г.; Приложение I - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1986 г. (карта, чертежи, зарисовки артефактов); Приложение II - Полевые археологические исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1986 г. (фотодокументы) / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1986 г. Оп. №2141, №2142, №2143. 89 с., 101 с., 62 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Татаринцева Н.С. Отчет об археологических исследованиях Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1987 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1987 г. Оп. №2187, 139 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Шалагин А.Г. Отчет о научно-исследовательской работе. Археологические раскопки в Кокчетавской области в 1987 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1987 г. Оп. №2188, , 183 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Шалагин А.Г. Отчет о научно-исследовательской работе. Археологические раскопки в Кокчетавской области в 1987 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1987 г. Оп. №2189, 299 с.

Зайберт В.Ф., Плешаков А.А. Отчет о научно-исследовательской работе Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1988 г.; Зайберт В.Ф., Кисленко А.И., Плешаков А.А. Разведочные обследования археологических памятников Северо-Казахстанской области в 1988 г.; Хабдулина М.К., Шагалин А.Г. Охранные работы на памятниках у села Петровка. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1988 г. Оп. №2233, 153 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Плешаков А.А. Отчет «Исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1989 г.»; Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Плешаков А.А. Отчет «Исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1989 г.» / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1989 г. Оп. №2281, №2282, 163 с., 74 с.

Зайберт В.Ф., Татаринцев Н.С., Даниленко Т.А. Отчет об охранных археологических работах на территории Северо-Казахстанской области в 1990 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1990 г. Оп. №2321, 98 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М. Отчет о научно-исследовательской работе «Археологические исследования в Северном Казахстане в 1991 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1991 г. Оп. №2341, 197 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М. Отчет «Полевые исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1992 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1992 г. Оп. №2406, 147 с.

Зайберт В.Ф., Кисленко А.М. Отчет «Археологическое обследование трасс газопроводов «Аксай-Актюбинск» «Костанай-Кокчетай» в 1993 г.; Зайберт В.Ф., Худяков В.В. Отчет полевые исследования Северо-Казахстанской археологической экспедиции в 1993 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1993 г. Оп. №2433, №2434, 108 с., 154 с.

Зайберт В.Ф., Пануиргер Г., Плешаков А.А., Маглер А. Отчет о работе совместной Казахстанско-германской археологической экспедиции в 1999 г. на могильнике «Байкара». / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 1999 г. Оп. №2519, 60 с.

Зайберт В.Ф., Тюлебаев А. Отчет «Полевые исследования в Кокчетавской области в 2003 г.» / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2003 г. Оп. №2623, 100 с.

Зайберт В.Ф. Отчет «Научные исследования и охранные работы Кокчетавской АЭ на поселении Ботай и памятниках ботайской культуры» 2004 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2004 г. Оп. №2636, 88 с.

Зайберт В.Ф. Отчет «Научные археологические исследования на поселении Ботай в 2005 г.» / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2005 г. Оп. №2735, 166 с.

Зайберт В.Ф. Отчет «Археологические исследования на поселении Ботай в 2006 г.» / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2006 г. Оп. №2778, 100 с.

Зайберт В.Ф., Досымбаева А., Шакшаков К.Г., Укеев Ж., Тюлебаев А.Ж. Отчет об организации и проведении археологической экспедиции для охранных работ на могильниках Кошкарбай I, Кеноткель XI, Кошкарбай VII и археологической разведки Ерементавской Енбекшильдерском районах Акмолинской области и на территории ГНПП «Кокшетау». 2009 г. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2009 г. Оп. №2921, 186 с.

Зайберт В.Ф., Захаров С.В., Плешаков А.А., Тюлебаев А.Ж., Мартынюк О.И., Ильдеряков Н.Н., Ковшева Н.С., Могзумов А.М., Хомутовский А.Ю. Отчет о научно-прикладном исследовании Ботай-историческая подоснова конных номадов Евразии. Часть I. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2011 г. Оп. №3031, 93 с.

Зайберт В.Ф., Захаров С.В., Плешаков А.А., Тюлебаев А.Ж., Мартынюк О.И., Ильдеряков Н.Н., Ковшева Н.С., Могзумов А.М., Хомутовский А.Ю. Отчет о научно-прикладном исследовании Ботай-историческая подоснова конных номадов Евразии. Часть II. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2011 г. Оп. №3032, 260 с.

Самашев З., Зайберт В.Ф., Подушкин А.Н., Байтилеу Д., Кашкинбаев К., Ермолаев А.С., Лашокова Т., Логвин А.В., Шевнина И. Научно-исследовательская работа «Культурно-исторические процессы в Казахских степях в древности и средневековье: традиции и инновации». Часть I. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2013 г. Оп. №3163, 140 с.

Самашев З., Зайберт В.Ф., Подушкин А.Н., Байтилеу Д., Кашкинбаев К., Ермолаев А.С., Лашокова Т., Логвин А.В., Шевнина И. Научно-исследовательская работа «Культурно-исторические процессы в Казахских степях в древности и средневековье: традиции и инновации». Часть II. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2013 г. Оп. №3164, 217 с.

Самашев З., Зайберт В.Ф., Подушкин А.Н., Байтилеу Д., Кашкинбаев К., Ермолаев А.С., Лашокова Т., Логвин А.В., Шевнина И. Научно-исследовательская работа «Культурно-исторические процессы в Казахских степях в древности и средневековье: традиции и инновации». Часть I. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2014 г. Оп. №3202, 214 с.

Самашев З., Зайберт В.Ф., Подушкин А.Н., Байтилеу Д., Кашкинбаев К., Ермолаев А.С., Лашокова Т., Логвин А.В., Шевнина И. Научно-исследовательская работа «Культурно-исторические процессы в Казахских степях в древности и средневековье: традиции и инновации». Часть II. / Институт археологии имени А.Х. Маргулана. Алматы. 2014 г. Оп. №3201, 210 с.




Рисунок 1. Типы ранесантичных поселений и городищ

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ (ЖАҢАЛЫҚТА ЖАСЫРҒАН ҚАСІРЕТТЕР)

Abstract. In the modern world, museum institutions, as a separate institution, not only in the world, but also in the country, carry out several types of research, cultural, educational, and fund work. Museums of Kazakhstan also have world experience. The domestic museum business is one of the most dynamically developing industries, but still needs improvement.

The Almaty Regional Museum of Political Repression needs some work on still undisclosed funds, places, data, unjustified, included in its research task and takes some time. Problems arising in the course of these needs are gradually being resolved.

In addition, the museum currently holds various events, maintains contacts with domestic museums and opens new projects. These discoveries will add new data to our history and will also contribute to the further development of museum work. And also makes a great contribution to the development of our spiritual and material culture.

Key words: material culture, projects, political repression, great contribution, museum.

Аннотация. В современном мире музейные учреждения как отдельный институт не только в мире, но и в стране осуществляют несколько видов исследовательской культурно-просветительской, фондовой работы. Музеи Казахстана также имеют мировой опыт. Отечественное музейное дело – одна из самых динамично развивающихся отраслей, но все еще нуждается в совершенствовании.

Алматинский областной музей политических репрессий нуждается в некоторой работе по еще нераскрытым фондам, местам, данным, неоправданным, входящим в его исследовательскую задачу и занимает некоторое время. Проблемы, возникающие в ходе этих потребностей, постепенно решаются.

Кроме того, в настоящее время музей проводит различные мероприятия, поддерживает связь с отечественными музеями и открывает новые проекты. Эти открытия позволят пополнить нашу историю новыми данными, а также будут способствовать дальнейшему развитию музейной работы. А также вносит большой вклад в развитие нашей духовной и материальной культуры.

Ключевые слова: материальная культура, проекты, политических репрессии, большой вклад, музей.

Ғасырлар бойы халқымыз аңсап келген мемлекеттілік мәселесі шешімін тауып, еліміздің өз алдына еркіндік туын тігуі, әлемнің өркениетті елдерінің қатарынан көріну арманы қазіргі күні толығымен жүзеге асқан тарихи оқиға болып отыр. Бұл қол жеткізген зор табыс болғанымен, оны кез келген мемлекеттің тәуелсіздігіне, елдігіне қажетті саяси, әлеуметтік-экономикалық алдыңғы қатарлы озық білімді және мәдени жетістіктерімен қамтамасыз етіп, одан әрі өрбіту керектігі сөзсіз.

Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгісі – мәдениет. Осы орайда «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» идеялары өскелең ұрпақтың болашаққа нық қадам басуы мен саяси санасының ұлттық болмысқа сай тәрбиеленуі қажет екендігін айқындап беріп отырғаны белгілі. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда ұлттық мұраны сақтауға, зерттеуге, қастерлеуге ерекше ден қойылып, қазіргі заманның кезек күттірмес маңызды міндеттерінің біріне айналып отырған мәселенің бірі – халықтық мәдени мұраның сақталатын, оны көрсететін, насихаттайтын орны – музейдегі коллекциялар мен олардың экспозициялық тұрғыдан мазмұнды үйлесім табуы болып отыр.

Ал музейдің ерекшелігіне келсек, оның қызметінің негізгі табиғаты материалдық және рухани өмірдің ескерткіштері болуымен анықталады. Музейлік заттар – табиғаттағы және қоғамдық өмірдегі процестер мен оқиғалардың, құбылыстардың түпнұсқалық айғақтық жәдігерлері. Заттың музейлік маңызы әлеуметтік, ғылыми, мәдени, тарихи құндылығымен бағаланады. Бұл халықты «тарих арқылы тәрбиелеу», жастарды өткен замандар мен қазіргі кезеңнің құндылықтарына назар аударуға, солардан рухани нәр алуға бағытталған мақсатты жұмыстардың бір саласы болып табылады.

Қандай да болсын мемлекеттің қазіргі заманға сай дамуы мен тарихи тәжірибелері тек экономикалық және саяси жағдайымен ғана емес, сондай-ақ мәдени құрылыс тәжірибесімен танылады. Осы орайда еліміздің басынан өткізген қиын-қыстау кезеңдері тарихын суреттейтін де музейлер ашылған еді. Оған негізгі себеп болған жайт Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен 1997 жыл «Жалпыұлттық келісім мен саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу жылы» болып аталынды [1]. Ал саяси қуғын-сүргінге жазықсыз ұшыраған тұлғаларды жас ұрпақ мәңгілік есте сақтау үшін 31 мамыр саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні деп белгіленді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев сөзімен айтсақ: «Сталиндік жүйеде сөйлеуге қорыққан сияқты, өткен тарихтың өзекті мәселерін аттап өтіп тарихты гүлдендіремін деушілер төл тарихымызды ұмыттыруға апарады, бірақ ұмыту - ол қанды режимнің миллиондаған құрбандарын естен шығару деген сөз», - деп атап өтеді [2, 4 б.]. Бұдан кейінгі тұста саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты көптеген жұмыстар атқарылды және соның ішіндегі музей ісіндегі атаулы мәселе сталиндік тоталитарлық режимнің салдарынан 4000-нан аса азаматтардың жазықсыз ату жазасына кесілген орны Алматы облысына қарасты Жаңалық ауылында 2018 жылы ашылған музейі еді. Қаралы күндерден естелік шертетін бұл музей сол тұстағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың тарихы туралы мол мағлұмат береді және осы кезеңді көз алдына елестететін арнайы экспозициялық залдар ұйымдастырлығын.

Алматы облысындағы саяси қуғын-сүргін музейінің ашылу тарихы осыдан 20 жыл бұрын айтылған ұсыныстан бастау алған болатын. Осылайша, 2002 жылы Жаналық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориал кешен салынды.

2002 жылы қаңтар айында Алматы облысы әкімі Шалбай Құлмаханның ұйымдастыруымен саяси репрессия құрбандарына арналған монументке конкурс ұйымдастырылды. Сайысқа отыздан аса жобалар қатысты, мүсіншілердің жұмыстары көп болды. Осы жұмыстардың арасынан Мухаметжанов Бахытбек Ақажанұлының жобасы 1-ші орын алып, жеңіп шықты. Жұмысты архитектор Болат Мұсылманбеков жақсы нақты түсіндіре білді. Жобаны үш айдың ішінде мамыр айының жиырмамына дейін тапсыру керек болды.

Негізгі жұмыстың мағынасы: мүсіннің биіктігі 7,7 метрлік көреміз. Астыңғы постаментінің 3,7 (37), ал көлденен өлшегенде 5,4 метр болды. (54). Үстіндегі НКВД-ның төрт бұрышты гранит тасы төрт құбаладан қайғырып жатқан немесе келіп тұрған аналардың басын көтертпей басып тұр. Іштегі істерді ешқайда жарияламандар дегендей. Тура қарағанда ортасында көрініп тұрған шамның ішінен мылтықтың басы шығып тұр. Түрмеге түскен адамды орындыққа отырғызып үстінен шам жағып тергеген. Түрме кінәлі адамдарды түзетіп дұрыс тәрбиелеп жіберу керек қой. Мында кірген кінәсіз зиялы адамдарды атып отырған. Шамның ішінен шығып тұрған мылтықтың басы соны білдіреді. Отыратын орындық сұрланып суық түс беріп тұр. Монументке жақындағанда екі шетіндегі тұрған тасқа жазулар жазылған. Алдына келгенде үшбұрышты баспалдақ: үш адам шешім қабылдап ата берген (тройка). Баспалдақтың ұзындығы 1,3 м (13). Баспалдақпен ішке кіргеніменен керісінше шығатын жартысы жоқ. Оның орнына қызыл граниттен қан аққандай рельеф жасалған. Ішке кірген адамдар шықпай атылып отырғанын білдіреді. Төрт құбыладан репрессияға ұшырағандардың жұбайлары, аналарының көз жастары мүсіндегі төрт ананың кеудесінде бейнеленген. Аналардың көз алдында тор ішіндегі орындық, төбедегі шам, ішіндегі шығып тұрған мылтықтың басы халқтың қамын ойлаған жазықсыз жандармен НКВД-ның жасаған істері қараған адамды күңіртпей қоймайды.

1995 жылдары Алматы облысы Талғар ауданына қарасты Жаңалық пен Іленің Әли ауылдарының шекарасындағы бос жатқан жерлерден алматылықтарға саяжай үшін деп жел телімдері бөлініп берілген. Бірақ ол жерлерді игеруден саяжай иелері түгелдей бас тартады. Өйткені, топырақты аударса, адам сүйегі шыққан. Ана жерден де адамның бас сүйегі, мына жерден да адамының бас сүйегі... әрі бас сүйектердің бәрінің шүйдесі тесік, атылған оқтың ізі бар. 2018 жылдың 28 маусымында Жаңалық ауылындағы Рахимов көшесі, 1-ші үйден құбыр арнасын қазған кезде көптеген адам сүйегі табылды. Осы орайда Алматы облысы Талғар ІБ қызметкерлері қылмыстық іс қозғап, сүйектерді Сот-сараптама институтына тапсырды. Жарты жыл тексерістен кейінгі сараптама актісі бүгінде музейде тұр. Шамамен 3*3 метр болатын қазан-шұңқырдан (мүмкін бейбақтардың өздеріне қаздырған болар) 163 адамның сүйегі табылған. Сараптама нәтижесіне сәйкес олардың жартысынан көбі өз қандастарымыз, бесеуі әйел екені анықталды. Ол мүрде қалдықтарлы Аза күні қарсаңында жер қойнауына тапсырылды. Репрессияға ұшырағандарды әр өңірден Алматыға әкеліп жауап алып, соңынан ататынын атып, осы Жаңалық ауылына көме берген. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлынан бастап көптеген зиялылар, жалпы саны 15 тен аса ұлт өкілін қамтитын 5 мыңға жуық адам жатыр. Оның ішінде христиан дінінің қызметкерлері де бар. Міне, сол боздақтарға арналып, құлыптас қойылды. Бұл сол уақытта Алматы облысындағы аштықтан және басқа да апаттардан қаза тапқандарды еске алуға болатын жалғыз орын болды депте айта аламыз. Тіпті мегаполистің өзінде ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш кейінгі жылдары ғана ашылды. Сол кезде бір өкініштісі, облыста аштық пен «қызыл террорды» басынан өткерген ұрпақ қасіреті ауқымын ашатын айғақтарды, деректер жинайтын музей немесе арнайы орталық әлі күнге дейін болмауы еді.

Жаңалық ауылында осыдан 20 жыл бұрын тарихымыздың қасіретті парағы болған құрбандарды еске алуға арналған музей салу қажеттігін айтылды. Сонымен қатар, 15 гектар жер қорымға деп арнайы бөлінді. «Әділет» қоғамы сан жылдан бері билікке өтініш жасауының нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы жарияланғаннан кейін Алматы облысының әкімі А. Баталовтың бастамасымен Жаңалықтағы мемориалды кешенді абаттандырып, музей салу ісін қолға алды. Жаңалық ауылындағы саяси қуғын-сүргін музейінің құрылысы 2018 жылы толығымен аяқталды. Осылайша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы облысының әкімдігінің қолдауыменен 2018 жылы 16 желтоқсан айында Алматы облысының Талғар ауданындағы Жаңалық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейдің салтанатты ашылуы болды.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

https://www.inform.kz/ru/31-maya-den-pamyati-zhertv-politicheskikh-repressiy_a3031138 (қаралған күні 15.02.2020).

Назарбаев Н.А. «Ответственность нового порядка: диалог и доверие» Казахстанская Правда. 2008, 25 апреля.

Жиренчин. Из истории Центрального музея Казахстана / Вестник АН КазССР. - 1974. - № 8. - с.58

Яндаров А.Д. Расцвет культуры казахского народа.-Алма-Ата, 1977

Канапин А.К. Культурное строительство в Казахстане. - Алма-Ата, 1954

Канапин А.К. Қазақстан мәдениеті жаңа кезеңде. Алматы. 1964. 410 б.

Санақұлова Б.Қ. Қазіргі музейлер: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. – Астана. – 2012. 296-303 бб.

Монография: Мүсін өнерінің даму тенденциялары мен перспективалары. Мухаметжанов Б.А.

ЗАМАНАУИ МУЗЕЙ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Abstract. This article discusses new digital technologies of the modern museum world. The article reveals the content of the basic concepts such as "digitalization", "informatization", "information society", "museum world", provides evidence of the use of digital technologies in the museum space, which contributes to increasing the attractiveness of museums and expanding the boundaries of the museum world. Examines the advantages of using new digital technologies in the museum exposition. The article provides examples of the use of digital technologies in the museum «Uly Dala Eli». The main focus of the work is on new technologies that complement the idea and content of the museum space, create a virtual environment and interactivity for visitors. As a result, the conclusion is that the development of digital technologies is exclusively of an integration nature and creates favorable conditions for information interaction.

Key words: museum, exhibit, history, innovation, content, technology, information.

Аннотация. В данной статье рассматриваются новые цифровые технологии современного музейного мира. Статья раскрывает содержание основных понятий, таких как «цифровизация», «информатизация», «информационное общество», «музейный мир». Приводятся доказательства применения цифровых технологий в музейном пространстве, что способствует повышению привлекательности музеев и расширению границ музейного мира. Рассматривает преимущества использования новых цифровых технологий в музейной экспозиции. В статье приведены примеры использования цифровых технологий в музее «Ұлы Дала Елі». Основное внимание в работе акцентируется на новых технологиях которые дополняют замысел и содержание музейного пространства, создают виртуальную среду и интерактивность для посетителей. В итоге вывод, о том, что развитие цифровых технологий носит исключительно интеграционный характер и создает благоприятные условия для информационного взаимодействия.

Ключевые слова: музей, экспонат, история, инновация, контент, технология, информация

Музей өткен тарихымыздың айнасы, адам өмірінің рухани қазынасы, әдебиеті мен мәдениеті, халқымыздың асыл рухани мұраларын жинап өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған тарихи орын болып табылады.

Еліміздің дамуында әрбір сала әлемдік жаңа стандарттарға сай болуы маңызды. Мәдениет саласы әлеуметтік өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, музейлерді заманауи технологиялар арқылы жанашыл бағытта дәріптеуіміз керек.

Жаһанның дамуына қарай, қазіргі заманғы музейді мультимедиялық интерактивті технологияларды пайдаланбай елестету мүмкін емес. Жаңа технологиялар музейді қызықты әрі есте қаларлық етуге мүмкіндік береді. Мультимедиялық инсталляциялардан әркім өзіне қызықты ақпараттарды алады. Ол музейдің жарнамалық, маркетингтік жұмыстарын нәтижелі жүргізуге септігін тигізеді және музейге келушілердің қызығушылығын арттыратын, музей экспозициясын байытатын басты құрал. Музейге келуші қонақтарға шын мәнінде көрсетуі қиын немесе мүмкін емес экспонаттар болады, яғни қорларда сақталған немесе жоғалған, тым кішкентай немесе үлкен көлемде. Осындай да жәдігерлерді бейнемәппинг, голографиялық витриналар және басқа да инсталляциялардың көмегімен көрсете аламыз. Жаңа технологияларды қолдану заман талабы. Қазіргі таңда музей кеңістігінде инновация жаңалықтарын пайдалану кең белең алууда. Қазіргі таңда музей тақырыбын жас буынға жеткізуде таптырмас мүмкіндік. Өйткені бүгінгі күн жастарында экранды мәдениет

қалыптасқан және бүкіл мәліметті экран арқылы қабылдауды білдіреді. Осы орайда музей экспозициясын көрсетуде жаңа технологиялық мүмкіндіктер пайдаланылады.

Елімізде жаңа технологиялармен жабдықталған музейлердің бірі рухани астанамыз Түркістан төрінен бой көтерген «Ұлы Дала Елі».

Ұлы Дала Елі орталығының экспозициясы жаңа интерактивті технологиялармен видеошоу, панорамалық проекциялар, видеоконтенттер, интерактивті макеттер, видеоқабырғалар, музейге келуші қонақтарға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өте түсінікті әрі толық мағұлмат беретін аудиогидтер, міне осы сияқты жаңа интерактивті технологиялармен жабдықталған. Орталығымызға келуші қонақтарға ресепшн залында және барлық экспозициялық залдардың кіреберіс қабырғаларында орнатылған мониторлы ақпараттық терминалдар орнатылған. Осы терминалдарды қолдану арқылы келуші қонақтар арнайы экспозиция залы немесе сол залда қойылған әрбір жәдігер туралы үш тілде, толық қанды мағұлмат ала алады. Мысалыға Орталығымыздың бірінші қабатында орналасқан «Бәйтерек» пен «Күлтегін» ескерткішетрі туралы танысып біле алады.

Міне осы сияқты «Ұлы Дала Елі Орталығын» да жасақталған «Ұлы даланың атқа міну мәдениеті» залындағы экспозицияны сіздерге және басқада көрерменге қалай көрсете аламын?»- деген сұрақ туындайды.

Осы ретте арнайы дайындалған видеоконтенттер көмекке келеді. Осындай жаңа технологияның көмегімен атқа міну мәдениетін, жылқыны қолға үйрету өнерін, палуандар күресін және сол залда орналасқан экспонаттардың виртуалды түрін қалыптастыру және мәдени мұраны сақтаудың сапалы жаңа деңгейіне көшуге, ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Жабайы жылқыны құрықтау, ең даланың төсінде жайылып шапқан үйір – үйір жылқылардың көрінісін, оған Қазақ Алтайындағы Берел және Ботай қорымдарында табылған алғашқы жылқы сүйегі мен онда табылған ат әбзілдерінің заттық жабдықтарының көрінісін және алғашқы сақ, ғұн дәуірлерінде пайда болған ер – тұрманнан бастап, қазіргі қазақ ер – тұрманына дейінгі ер – тоқым коллекциялары жабдықталып қойылған. Осы айтылғандардың барлығы бір ғана экспозициялық залда арнайы технологиялардың көмегімен көрсетіліп, музейге келуші қонақтарды қызықтырып, әлемде алғаш жылқыны кімдер үйретті және ер – тұрманды кімдер қолданысқа еңгізді деген сұрақтарға толық қанды жауап беріп тұр. Келесі орталығымыздағы «Ұлы даланың жауһарлары», «Ұлы дала металлургиясы» залдарында орналасқан көмекші видеоконтенттер де арнайы экспозиция залдарын және онда қойылған әрбір экспонатты ашып көрсету үшін орналасып, келуші көрермендердің қызығушылығын арттыруда. «Ұлы даланың жауһарлары» залында орналасқан көздің жауын алатын Қазақстаннан табылған бес алтын адамның алтын киім үлгілерін көрсетуге мүмкін болмаған басқада алтын бұйымдарын көруге болады. Залдың өзінде ерекше стилде безендірілген. Қазақстан территориясында табылған әрбір «Алтын адам» қорымдарының орналасқан жерлерінің көрінісін және аң стилінде жасалынған әшекейлердің керемет көрінісін осы видеоконтент көмегімен көруге болады.

Әрбір музейге келуші қонақтардың қызығушылығын арттыру үшін. Міне осындай жаңа технологиялардың көмегі орасан зор деп айтар едім. Олай дейтінімнің себебі музейге келуші әр бір жан «Қазақ хандығы» залына келіп арнайы тетікті басып, тілді таңдау арқылы өзіне қызықты болған, қазақ хандарының нақыл, қанатты сөздерін тыңдай алады. Бұл залда Ұлы Дала тарихындағы Қазақ хандарының еліміздің халық болып қалыптасып, ұлт болып бірігуіндегі ролі баяндалатын, қазақ халқының атақты ел басқарған 8 ханына арналып жасалынған ультразвуковой планшет киоска арқылы көрсетілетін видеоконтенті тамашалай алады. Мұны тыңдаған әрбір келуші нақ бір сол хан өзіне сөйлеп тұрғандай әсерге бөленеді.

Сонымен қатар «Ұлы даланың ұлы есімдері» экспозициясы Ұлы даланың рухани көсемдері бейнеленген арнайы қабырғалар. Ол экспозицияда тек қазақ халқы үшін емес, күллі түркі жұрты үшін еңбегі сіңген тұлғалар Әл Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Мұхамед Хайдар Дулати, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтпаев сынды ұлы тұлғалардың бейнесі салынған қабырғадағы суреттерді көріп танысып тамашалай алады. «Тұңғыш президент залы»

Аталмыш зал цилиндр пішінді киіз үйден тұрады, ол арқылы залдың екі қабырғасын жалғайтын шыныдан жасалған жаяу жүргіншілер көпірі өтеді. Зал кеңістік-уақыттың тоннельдің бейнесін білдіреді, мұнда Қазақстанның өткені мен болашағын байланыстырған елдің Тұңғыш Президентін бейнелейді және Н.Ә.Назарбаевтың Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін берілген наградалары, арнайы жарық бергіш шамдар көмегімен шыныдан жасалған айналмалы витриналардың ішіне салынған марапаттарымен алғысхаттары көрсетілген. Көпірдің астында – Қазақстан картасы 3D форматында көрсетілген.

Келесі экспозициялық зал «Болашақ Қазақстан» деп аталады. Залдың дизайны жарқын кеңістікке негізделген. Рельефы шығыс ою-өрнектер бейнесінде орындалған. Келушілерге тұрақты даму, ұтқырлық, деректерді сақтау, виртуалды шындық тақырыптарын көрсететін экспозициялар ұсынылады және Қазақстанның болашағы туралы негізгі көзқарас лед экран арқылы бейне контентте ұсынылады. Бейне контент Елбасының 2050 жылға арналған стратегиясының негізінде жасалған.

Инсталляциялық кешен «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» экспозициялық кешені осы агроәдениетке арналған. Бұл аймақта 3 сегменттен тұратын алтын реңкті алма түрінде қондырғылар қойылған. Ойын-сауық жасау үшін кинетикалық жүйе қолданылған. Сонымен, әр алманың өсімдік сипатындағы ою-өрнектермен өрнектелген тілімі басқарылатын лебедкаларға бекітіліп, бұл келушілер үшін кеңістік анимация жасайды. Онда алма тіліктері баяу қозғалып, ашылып-жабылады. Осы көрініс арқылы көрерменнің таңданысы мен қызығушылығын артыра түседі. Қазақстанда жабайы қызғалдақтың 35 түрі өседі, оның 18 Қызыл кітапқа енген, 12 сортын шет елге экспорттайды. 2014 жылы 24 наурызда Гаага қаласында қызғалдақтың ең ерекше сорты таныстырылды. Жаңа сұрыптың авторы – белгілі голландиялық гүл өсіруші Жан Лайтхард. Бұл ҚР-ның Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосып келе жатқан тарихи зор үлесі үшін әлем халықтарының тартуы. Осы ретте, орталықта қызғалдақ ерекше үлкен шыны инсталляция түрінде ұсынылған. Бұл инсталляцияға голландиялық селекционерлер жасаған «Президент Назарбаев» қызғалдағы таңдалған. Инсталляцияларды мозайкалық экрандар мен ақпараттық терминалдар толықтырады. Ең қызықтыда әрі керемет үйлесіммен жасалынған «Қазақстан – түркі әлемінің қара шаңырағы» атты Голлаграфиялық шоу залы. Ең қызығыда осы зал. Атап айтқандай зал, доға тәрізді залдың периметрі бойынша түркі өркениетінің эволюциясы көрсетіледі, ал залдың ортасындағы шарда Түркілердің тарихында киелі ұғымға ие болған «Қанатты көк бөрі» орын алған және аумағы 2000 ш.м. құрайтын проекциялық шоуның көпфункционалды экраны бар. Арнайы дайындалған контент сферамен үйлесіп, 7D форматында сценарий желісі бойынша қозғалыста болады. Осы арқылы келушілерге түркілердің шығу тарихы, адамзат өркениетін дамытудағы рөлі туралы проекциялық шоу көрсетіледі. «Ұлы Дала Елі» орталығында интерактивті технологиялардың көмегі арқылы құнды әрі құрып бітуге айналған экспонаттарды, олардың табылған жерлерін, тарихи тұлғалармызды, олардың қанатты сөздерін, арнайы видеоконтенттер, видеошоу, панорамалық проекциялар, интерактивті макеттер, видеоқабырғалар, көмегімен көрсетіп клеуші қонақтардың қызығушылығын артыруда.

Жоғарыда айтылған тақырыпты қорыта келе, замануи музейде заманау технологияларды қолдану заман талабы. Бұл әлемнің түкпір түкпірінде орналасқан музейлер мен танысуға да өз септігін тигізетіні сөзсіз. Мәдениет көкжиегін кеңейтуде таптырмас құрал екендігі заман ағымында күнде дәлелденуде.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер

<http://kazmuseum.kz/muzej-menedzhmenti/item/1897-zhahandanu-zamanynda-y-negizi-trend-interaktivti-muzej>
<http://kazmuseum.kz/aza-stan-muzejleri/item/2082-ly-dala-eli-ortaly-y-t-rkistanny-maktanyshy>

¹ ТУЛЕКОВА Гүлназ Қажымұратқызы,
ф.ғ.к., профессор,
² ЕЛУБАЙ Асем Мамешқызы,
³ СҰРАНЧИЕВА Назгүл Рысаханқызы,
Азаматтық авиация академиясы
¹ Gulnaz.tulekova@mail.ru,
² smailova_aseem@mail.ru, ³ nazgul_87@bk.ru
Алматы, Қазақстан

МУЗЕЙ ІСІНІҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Abstract: This article argues that the museum, as a scientific institution that contributes to the development of science, education and culture, contributes to the education of the younger generation and the formation of historical consciousness. It is described that the museum plays an important role in the presentation of material and spiritual values, scientific research, promotion of their results and education on this basis. In addition, it was analyzed that the museum itself occupies an important place in the education of young people as a symbol of culture and an educational institution.

Key words: museum, education, young generation, exhibition, exposition, direction, pedagogy, scientific institution.

Аннотация: В данной статье утверждается, что музей как научное учреждение, способствующее становлению науки, образования и культуры, способствует воспитанию подрастающего поколения и формированию исторического сознания. Описано, что музей играет важную роль в представлении материальных и духовных ценностей, научных исследованиях, пропаганде их результатов и образовании на этой основе. Кроме того, было проанализировано, что важное место в воспитании молодежи занимает сам музей как символ культуры и образовательное учреждение.

Ключевые слова: музей, образование, молодое поколение, выставка, экспозиция, направление, педагогика, научное учреждение.

Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Бүгінгі таңда халқымыздың мол мұрасының бірі – музей саласы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы – еліміздің дамуы мен нақты қадамдарын көрсететін маңызды еңбек. Аталған мақаласында Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұланғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда

мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», – деп атап көрсетеді (Назарбаев 2017, 1-2). Олай болса, тарихи жәдігерлер, тарихи музейлер – рухани жаңғыру идеясының жанды көрінісі. «Музейное дело в Казахстане» атты еңбекте: «Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Музей ісінің негізгі бағыттары – музей мұраларын (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру, консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, музейлердің кадрлық жүйесін жетілдіру. Музей жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, музейлік басылымдар шығару, т.б. жатады.», – делінген. (Музейное дело в Казахстане, 1979, 120-121). Осы тұрғыдан келгенде, Абай музейінің алатын орны ерекше.

«Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп төрелігін өзі шешіп кеткен ұлы Абай даналығы – халық қазынасы. Ұлы ақынның шығармашылығына бір сәт көз жүгіртейікші. «Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы», – деп санаған ақын білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды емес пе? Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске сала отырып, ойын-сауықты кейінге қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, біліміден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дейді. «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», – деген келелі ой ұсынады. Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде: «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз...», – деп, айқындап береді. Ақын шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлықты негізге алады.

Абайдың философиялық ойлары, нақыл сөздері, қара сөздері – болашақ ұрпақтың мол мұрасы (Абай. Энциклопедия, 1995, 79-82). Ендеше, Абай мұрасы – даналықтың қайнар көзі. Ұлы ақынға арналған музей – тәрбие құралы. Қазақ халқының ұлы ойшылы, дана Абай есімімен аталатын әдеби – мемориалдық музей – еліміздің елдігін танытатын музейлардың бірі. Таным мен тәрбиеге толы ақын мұрасы – бүгінгі жас ұрпақ тәрбиелеудің алтын өнегесі. Музейдің жалпы құрылымы мен тарихы туралы «Абай» атты энциклопедияда былай берілген: «Абайдың әдеби-мемориалдық музейі – Абайдың өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған мәдени мекеме. 1940 ж. 16-қазанда Абайдың 95 жылдық мерейтойына орай Семей қаласында ашылған.

Музейдегі 13 мың экспонат қоры (оның 7500-і негізгі қор) 7 дербес тақырыптық залдарға орналасқан. «Абай және оның дәуірі», «Жайлау», «Үш қайнар бұлақ», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық өнер айналасы», «Абайтану», «Қазақ халқы ақын атын ардақтайды» бөлімдерінде Абай өміріне байланысты архивтік материалдар, түрлі құжаттар, қазақ халқының тұрмыстық-этнографиялық өмірін бейнелейтін заттар, қол өнері мен бейнелеу өнерінің туындылары, сол кезеңде өмір сүрген қындардың қолжазба мұралары, фотосуреттер сирек кездесетін кітаптар т.б. орналастырылған. 1885 ж. Н. Ц. Долгополов арқылы өлкетану музейіне Абайдың алғашқы шығармалары, оның дүниежүзі халықтарының тілдеріне аударылған өлеңдері, ақынның әдеби мұрасын жалғастырушылардың шығармалары қойылған.

Абайдың 150 жылдық мерейтойына байланысты музей үйі ұлғайтылып, түбегейлі жөндеуден өтті» (Энциклопедиялық анықтамалық, 2001, 49-52). Киелі Семей жеріндегі Абайдың қорық-музейі Қазақстандағы ірі мәдени орталықтардың бірі. Қазіргі кезде еліміздегі кез келген музей – ғылымның, білімінің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми-танымдық бағытта қызмет атқаратын өз алдына дербес мекеме болып табылатыны сөзсіз. Аталған музейдің «Абай және оның дәуірі» атты бөлімінен Абайдың өмір сүрген

дәуірі мен қоғамдық ортасының қандай болғанын көре аласыз. Бүгінгі таңда жас өскелең ұрпақ Абайдың өмірі мен шығармашылығын және оның ақындық айналасын, сол замандағы тарих пен қоғам ерекшеліктерін музейде сақталған заттық, құжаттық жәдігерлер арқылы танып біле алады. Музейдің «Жайлау», «Үш қайнар бұлақ», «Абай шығармашылығы», «Абайдың ақындық өнер айналасы», «Абайтану», «Қазақ халқы ақын атын ардақтайды» бөлімдері арқылы ұлы ақынның мол үлгі өнегесін анық байқауға болады. Бұл бөлімдердің музейге келуші жастардың білімдеріне білім, ойларына ой, ақылына ақыл қосатыны анық.

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан»,

– деп болашақ ұрпағына өсиет қалдырған ойшыл Абайдың танымдық өлеңдерінің мәні – мәңгілік, мазмұны – тұңғыық. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз мақаласында да табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керектігін, жастарымыздың басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт екендігін баса айтады. Ол рухани жаңғырудың тек бүгін басталатын жұмыс еместігін, Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқарғанын тілге тиек етеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртқанын, 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттегені туралы тоқталады.

Осы мәселеге келгенде, музей – білім көзі, өмір айнасы. Оның адамзат тарихында алар орны мен маңызы ерекше. Әдебиет, өнер, тарихпен тікелей байланысты музейдің өскелең бүгінгі буынға берері көп. Қай халық болмасын өзінің өткен тарихын, қайталанбас өмірлік кезеңдерін, салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа өсиет ететіні белгілі. Мұны олардың тарихи ескерткіштері мен музейлеріне қарап көруге болады. Тарих тылында уақыт өткен сайын ескірмейтін, мазмұнын жоғалтпайтын музейдің мол мұрасы – халықтың рухани мол байлығы.

Қазіргі уақытта әлемдік педагогикалық даму үрдісінде білім беру саласында гуманитарлық, демократиялық және мәдени құндылықтардың синтезі жүріп жатыр әрі, сан қырлы мәдени құндылықтар біртіндеп басым бағытқа ие болып келеді. Қазіргі технолоияның дамыған заманында бұрынғыдай білім беру әдістері ескіріп жаңаша әдістерді игеру іздістері күн тәртібіне шықты. Қазіргі таңда педагог үшін оқулықтағы мәліметтер мен қосымша бірер материалдар арқылы балаларға білім беру әдісі ескірді. Қазақстан музейлері бүгінгі таңда қоғамның рухани дамуына өз үлесін қоса алатын, үлкен тарихи-мәдени мұраға ие болып келеді. Алайда, музейлерде сақталып тұрған миллиондаған жәдігерлер өз бетінше атап айтарлықтай табысқа жете алмасы тағы анық.

Музей педагогикасы ХХ ғасырдың алғашқы жартысында педагогика, психология мен музейтану пәндерінің басын біріктіре отырып жеке ғылым пән ретінде пайда болса, оның негізгі тақырыбы музейлік коммуникацияның мәдени-білім беру аспектілері болып табылды. Шын мәнінде «Музейлік педагогика» термині қалай пайда болып еді? «1970 жылдардың басындағы «Оқушыларға эстетикалық 43 тәрбие берудегі көркем музейлердің рөлі» атты ғылыми конференцияға қатысушылар педагогика мен психология заңдарын саналы түрде қолдану негізінде музей жинақтарына ғылыми қадам жасауға мүмкіндік беретін музейлік педагогика қажетті туралы алғаш рет естіді» (Тулекова, Зікірия, 2019, 41-43).

Оның пайда болуына негізгі себептердің бірі біздіңше болса, 1899 жылғы Бруклиндегі (АҚШ) әлем бойынша алғаш ашылған балалар музейі болды. Одан кейін де ХХ ғасырдың басындағы музейлердің ағартушылық қызметінің көш басында А. Бакушинский, А. Луначарский, П. Флоренский, Ф. Шмидт және т.б. белгілі кеңес ғалым-педагогтары тұрды.

Олардың арасында жаңа музейлік-педагогикалық идеяларды насихаттау мен іске асыру идеясы ХХ ғасырдың 20- жылдарында шетелдік әдіс (Америка) арқылы балалар музейінің тұжырымдамасын дайындаған А. У. Зеленкоға тиесілі.

Қазіргі білім беру саласында музейлік педагогиканың енгізілгені белгілі. Бұл өз кезегінде музейге деген балалардың қызығушылығын арттырып, түрлі үйірмелердің ашылуына, сол арқылы музей қызметінің басқаша қырымен түрленуіне жол ашты. Қорыта келе айтарымыз, музей педагогикасының басты ерекшелігі басқа білім беру институттары жүзеге асыра алмайтын тарихи-мәдени мұралармен тікелей тілдесуі дер едік. Музей мәдениет пен білім беру мекемесі ретінде тұлғаның қалыптасуында, оның мәдени құндылықтарының дамуында маңызды рөл атқарады. Музей педагогикасы тарих пен мәдени мұраларды танып-білу жолында басқа да пәндерді біріктіріп қоймай, сонымен қатар балалардың, кей жағдайларда олардың ата-аналары мен ұстаздарының да осы саладағы білім көкжиектерінің кеңеюіне, өсе түсуіне өзіндік ықпал жасай алатын әлеуетке де ие болып келеді. Музейдің өзі мәдениет символы және білім беру мекемесі ретінде жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ол өзінің тарихи-мәдени мұраларды сақтау, оларды дәріптеу, туристік-білім беру ісінде пайдалану сынды мақсаттарына адал бола отырып, өзіндік ерекше орта құратындықтан жастарды өткеннің сырына үңіліп, оларды қазіргі уақыттың құндылықтарымен байланыстырып, олармен тілдесуге үйретері анық (Тулекова, Зікірия, 2019, 41-43).

Осынау кеңістікте жастар басқа институттар бере алмайтын өткен шақтардың әсеріне куә бола отырып, ерекше бір сезімге бөленіп, өз тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүрі мен өткеніне деген мақтаныш сезіміне ие болады. Музейдің өзіндік ерекшеліктерін пайдалана отырып, музейлер мен музейлік педагогиканың мүмкіндіктері мен білім беру потенциалын дамытуға, ерекше оқыту әдістерін ойлап табуға, музейлік бұйымдар мен жәдігерлердің, экспозицияның, өнер туындыларының өзіндік тілін қалыптастыруға, келушілердің, әсіресе жастардың тарихи-мәдени мұрамызға деген жанашырлығын қалыптастыруға орасан ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер

Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 , 89-92 бб.

Музейное дело в Казахстане (2-пол. XIX – нач. XX вв.), Алматы. 1979. С. 120-121.

Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017 ж, 1-2 бб.

Тулекова Г. Х., Зікірия Д. Қ. Ұлы даланың өркінеттері: музей жәдігерлерінің жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы // «Ұлы дала түркі халықтарының ортақ мекені» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік online конференциясының материалдары / жауапты ред Г.Т. Алдамбергенов (12 желтоқсан 2019 ж.) Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2019, 41-43-бб.

Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 249-52 бб.

¹ СҰРАНЧИЕВА Назгүл Рысаханқызы,
² ТУЛЕКОВА Гүлназ Қажымұратқызы,
ф.ғ.к., профессор,
³ ЕЛУБАЙ Асем Мамешқызы,
Азаматтық авиация академиясы
¹ nazgul_87@bk.ru, ² Gulnaz.tulekova@mail.ru,
³ smailova_aseem@mail.ru,
Алматы, Қазақстан

АВИАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕМДІК МУЗЕЙ ТАРИХЫ

Abstract. This article discusses the history and formation of the museum of the aviation world and similar museums. Originally conceived as an idea of aviation enthusiasts, this institution has become a symbol of the history and achievements of aviation. The analysis of secondary data, such as archives and photographs, played a key role in the reconstruction of the museum's history, providing important data on its development and significance in the world of aviation. In addition to preserving aviation heritage, this museum is a source of inspiration for future generations, contributing to the popularization of aviation culture and scientific research in this field.

Key words: aviation museums, aviation history, museum collections, educational programs, preservation of history, aviation research, cultural heritage, aircraft.

Аннотация. В данной статье рассматривается история и формирование музея авиационного мира и подобных музеев. Показана значимость национального и мирового культурного объекта. Первоначально задуманное как идея энтузиастов авиации, это учреждение стало символом истории и достижений авиации. Анализ вторичных данных, таких как архивы и фотографии, сыграл ключевую роль в реконструкции истории музея, предоставив важные данные о его развитии и значении в мире авиации. Помимо сохранения авиационного наследия, этот музей является источником вдохновения для будущих поколений, способствуя популяризации авиационной культуры и научных исследований в этой области.

Ключевые слова: авиационные музеи, история авиации, музейные коллекции, образовательные программы, сохранение истории, исследование авиации, культурное наследие, самолеты.

Әлемде әуе әскери күші бар мемлекеттердің бәрінде авиация музейлері бар деп санасақ, солардың ішінде авиациялық әлемдік деңгейдегі музейлер көп деп айта алмаймыз. Ендігі кезекте, осының тарихын зерттеу өзектілігі туындайды. Себебі, тарихи жәдігерлер сақталатын музейлер адамзат үшін әрқашан өткенімен бүгінін, бүгіні мен болашағын бағамдап отыратын құнды құбылыс деп айтуға болады. Соның ішінде еліміздегі авиация және космонавтика музейін қоссақ та болады. Көркем жерде орналасқан авиациялық әлемдік музей – бұл әлемдік авиация мен аэроғарыш өнеркәсібінің тарихи мұрағаты. Ол авиация мәдениетінің елшісі ретінде қызмет етеді және қазіргі ұрпақты авиацияның тарихи мұрасымен байланыстыратын көпірге айналады. Музей келушілерге авиацияның бай тарихына енуге, сирек кездесетін тарихи артефактілерді қарастыруға, сондай-ақ авиациялық технологияның эволюциясын және оның біздің әлемге әсерін бақылауға бірегей мүмкіндік береді (Файзуллина, 2023, 4-5). Дүниежүзілік музейдің институционализациясы авиациямен байланысты мәдени құндылықтарды еске алу және сақтау актісі болып табылады. Музей алғашқы рейстерге, авиация индустриясындағы инновацияларға және басқа да көптеген аспектілерге қатысты тарихи сәттер өткен мен болашақты түсіну үшін қол жетімді және өте маңызды болып қала беретін платформаға айналуға. Музейдің маңызы мұрағаттау мен экспозициямен шектелмейді. Ол сондай-ақ болашақ ұрпаққа білім беру мен шабыттандыруда шешуші рөл атқарады. Бұл миссияның маңызды бөлігі-жастар арасында авиациялық және ғарыштық мәдениетті насихаттау, ғылым мен технологияға деген қызығушылықты арттыру

және, әрине, авиациямен байланысты мәдени және тарихи құндылықтарды сақтауды қамтиды. Бұл зерттеудің мақсаты – авиациялық әлемдік музейдің эволюциясын оның тарихи дамуы тұрғысынан және осы мекеменің тарихын қайта құру құралы ретінде тарихи деректердің маңыздылығын қарастыру. Біз әуе және аэроғарыш мұраларын сақтаудың маңыздылығын көрсете отырып, музей қызметінің жан-жақты сипатын ашуға тырысамыз. Біздің мақсатымыз сонымен қатар екінші ретті деректерді талдау тарихты тереңірек түсінуге және авиациямен байланысты құндылықтарды нығайтуға қалай ықпал ететінін көрсету болып табылады. Мақалада қолданылатын зерттеу әдісі екінші ретті деректерді талдауға негізделген, екінші деректер – бұл бір қарағанда әр түрлі тақырыптағы немесе жалпылама ақпарат болып көрінуі мүмкін, бірақ мұқият қараған кезде музей тарихын қайта құру үшін маңызды мәнге ие болатын ақпарат. Бұл деректерге сирек назар аударатын, бірақ тарихи контекстті ашуға терең әсер ететін құжаттар, фотосуреттер, жазбалар, айғақтар мен артефактілер кіруі мүмкін. Екінші ретті деректерді талдау әдісі музей тарихын неғұрлым толық және ауқымды түрде қайта құруға, оның құрылуы мен дамуына байланысты аз белгілі фактілерді анықтауға және осы мекемеге үлес қосқан көптеген адамдардың үлестерін атап өтуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы біз музей қызметінің әртүрлі аспектілерін және оның авиация мен ғарыш мұрасын сақтаудағы маңызды рөлін атап өтеміз деп үміттенеміз.

Негізгі бөлімге көшетін болсақ, ең бірінші әлемдік авиациялық музейлердің пайда болуы қазіргі авиацияның пайда болуымен бірге тарихта қалады. Олар ұшу мүмкіндігін тек көлік құралынан гөрі маңыздырақ нәрсені көрген адамдардың құмарлығы мен құштарлығы нәтижесі болды. Авиацияға арналған музейлерді құру идеясының басталуы осы бірегей тарихи мұраны сақтауға және бөлісуге деген ұмтылыспен байланысты. Авиациялық музейлер авиация саласының өмір сүруі мен дамуы үшін күреспен бауырластық байланыстардың ауыр мұрасын алып жүреді. Олардың көпшілігі авиацияға қатысты артефактілер мен құжаттарды жинаған энтузиастар жасаған жеке коллекциялар ретінде басталды. Бұл коллекциялар көбінесе музейлерге сыйға тартылды немесе өз мекемелерін құрудың бастапқы нүктесі болды. Әлемдік авиациялық музейлердің дамуын бірнеше негізгі кезеңдерге бөлуге болады.

- Бірінші кезең авиация алғаш пайда болған кезеңде музейлердің құрылуымен байланысты. Олар ағайынды Райт немесе Гленн Куртисс сияқты авиация пионерлері құрған музейлер болды, олар өздерінің жетістіктерінің тарихын сақтауға тырысты.

- Екінші кезең авиация индустриясының қарқынды дамуымен сипатталады, әсіресе бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар кезінде. Музейлер өз коллекцияларын, соның ішінде әскери ұшақтарды кеңейте бастады және ұшқыштар мен инженерлердің жаңа буындарын оқытуда маңызды рөл атқарды.

- 20 ғасырдың екінші жартысында авиацияның дамуымен бірге жүретін үшінші кезең музей коллекцияларының кеңеюін және экспозициялардың алуан түрлілігін көрді. Көптеген музейлер кең аудиторияны тарту және авиация тарихын қолжетімді ету үшін интерактивті элементтерді енгізе бастады.

Бүгін біз әлемдік авиациялық музейлерді дамытудың төртінші кезеңіміз (Карлова, 2009, 38-42). Бұл музейлер білім беру орталықтарына айналатын, көптеген білім беру бағдарламалары мен іс-шараларын өткізетін және тарихты сақтау үшін кішігірім деректерді белсенді пайдаланатын кезең.

Дүниежүзілік авиациялық музейлердің тарихын қайта құруда екінші ретті деректер маңызды рөл атқарады. Бұған мұрағаттық құжаттар, фотосуреттер, жеке жазбалар, авиациямен байланысты адамдардың куәліктері мен естеліктері кіреді. Олар музейлерге авиация тарихына терең үңілуге, аз белгілі фактілер мен оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ нақты адамдардың авиацияның дамуына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Екінші ретті деректер музейлерге егжей-тегжейлі және дәл экспозициялар жасауға, авиация пионерлері мен олардың жетістіктері туралы әңгімелер айтуға көмектеседі. Сонымен қатар, екінші ретті деректер музейлерге авиация тарихының басқаша жоғалып кетуі мүмкін ерекше аспектілерін сақтауға мүмкіндік береді. Олар авиацияның мәдени және техникалық мұрасын

сақтаудағы музей миссиясын қолдай отырып, болашақ зерттеулер мен оқыту үшін маңызды ресурсқа айналуға. Осылайша, екінші ретті деректер әлемдік авиациялық музейлердің тарихын сәтті қайта құру мен сақтаудың негізгі элементі болып табылады.

Екіншіден, әлемдік авиациялық музейлердің экспонаттары келушілерге таңғажайып ұшу әлеміне еруге мүмкіндік беретін авиация тарихының бай және жан-жақты экспозициясын ұсынады. Олар мәдени мұра мен білім тұрғысынан жоғары құндылыққа ие. Авиациялық музейлерде жиі кездесетін негізгі экспозициялардың бірі – тарихи экспозиция. Ол авиацияның дамуын оның басынан бастап, соның ішінде алғашқы ағаш қос қанатты ұшаққа ұқсас құралдарды қамтиды және заманауи әуе аппараттарына қарай бірте-бірте жылжиды. Бұл экспозиция келушілерге технология мен дизайнның эволюциясын бақылауға, сондай-ақ тарихтағы қандай сәттер авиацияның дамуына ықпал еткенін түсінуге мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды экспозиция – әскери авиация тарихын білдіретін әскери экспозиция. Мұнда сіз таба аласыз әскери ұшақтар, тікұшақтар, және басқа да әскери аппараттар, сондай-ақ олардың қақтығыстар мен қорғаныс тарихына қосқан үлестері туралы біліңіз. Бұл экспозиция батырлар мен олардың соғыс кезіндегі ерліктеріне де назар аударады. Осындай ірі авиациялық әлемдік музейлердің ішінде ең атақтылары ретінде келесілерді атап өтуге болады:

- АҚШ әуе күштерінің ұлттық музейі, Дейтон, Огайо, АҚШ;
- Смитсон институтының авиация және астронавтика музейі, Вашингтон, Колумбия округі, АҚШ;
- Әуе және ғарыш музейі, Мәскеу, Ресей;
- Ле Бурже музейі, Париж, Франция;
- Канада Әуе Күштерінің ұлттық музейі, Оттава, Канада;
- Финляндиядағы авиация музейі, Вантаа, Финляндия;
- С. П. Королев атындағы авиация және космонавтика музейі, Мәскеу, Ресей;
- Ұлттық авиация музейі, Сан-Диего, Калифорния, АҚШ;
- Ескі қаладағы әуе және ғарыш музейі, Прага, Чехия;

Әлбетте бұл тізімдегілерден басқа да ірі музейлер бар (Карлова, 2009, 38-42). Бірақ, бұл музейлердің тарихы ертеден басталған соң, осы жұмыста көрсету үшін таңдалды. Жалпы, әлемдік авиациялық музейлердің негізгі экспонаттары көбінесе ел азаматтарының ерлігінің символдары мен мемлекеттік маңызды белгілерге айналады. Оларға авиация мен ғарыш тарихында маңызды рөл атқарған тарихи ұшақтар мен басқа да авиациялық аппараттар кіреді. Мұндай экспонаттың мысалы ретінде «Бостандық рухы» - Чарльз Линдберг 1927 жылы Атлант мұхиты арқылы тарихи рейс жасаған бір қозғалтқышты монопланын айтсақ болады. Бұл ұшақ авиациядағы батылдық пен тәуекелдің символына айналды. Екінші маңызды экспонат 1969 жылы айдың бетіне жеткен алғашқы ғарыш кемесі «Аполлон 11» болуы мүмкін. Бұл тарихи сәт адамзаттың ғарышты зерттеудегі үлкен жетістігімен ерекшеленді (Юренева, 2004, 14-15).

Үшіншіден, музейдің авиация тарихын сақтауға және насихаттауға қосқан үлесіне келсек, оған бірден баға беру күрделі. Себебі, үлесі сөзсіз елеулі екені көпшілікке анық. Оған әсер еткен бірінші себеп бұл, әлемдік авиациялық музейлер білім беру бағдарламаларын әзірлеу және зерттеу қызметі арқылы авиация тарихын сақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Бұл музейлер тарихи экспонаттарды сақтауға және көрсетуге орын беріп қана қоймайды, сонымен қатар оқу және зерттеу орталықтары ретінде қызмет етеді. Музейдің білім беруге қосқан үлесінің негізгі элементтерінің бірі оқушылар мен жұртшылыққа арналған білім беру бағдарламалары. Музейлер оқу материалдарын әзірлейді, келушілерге авиация тарихын зерттеуге бірегей мүмкіндік беретін сабақтар мен экскурсиялар өткізеді. Бұл бағдарламалар ғылымға, технологияға және тарихқа деген қызығушылықты оятады және инновация мен батылдықтың заманауи авиация индустриясына қалай әкелгенін көрсету арқылы болашақ ұрпақты шабыттандырады. Сонымен қатар, көптеген музейлер зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұған екінші ретті деректерді мұрағаттау және талдау, тарихи құжаттар мен артефактілерді зерттеу, авиация мен аэроғарышта ғылыми зерттеулер жүргізу

кіреді. Музей зерттеулері авиация мен ғарыш тарихының әртүрлі аспектілері туралы білімімізді кеңейте алады, сонымен қатар авиацияның әлемдік тарихқа әсері мен әсерін түсінуге көмектеседі. Екінші себеп, музейдің тарихи деректерді сақтау мен берудегі маңызы туралы айтуға болады. Өйткені, музейлер авиация саласындағы тарихи деректерді сақтау мен беруде үлкен маңызға ие. Олар авиация тарихына қатысты құжаттарды, фотосуреттерді, артефактілерді және өзге деректерді сақтайтын мұрағат ретінде қызмет етеді. Бұл зерттеушілер мен ғалымдарға материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамға авиация мен аэроғарыш тарихымен байланысты болуға мүмкіндік береді. Музейлер тарихи деректердің жоғалуына немесе жойылуына жол бермей, олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Олар құжаттарға, фотосуреттерге және артефактілерге қамқорлық жасайды, оларды жақсы күйде ұстайды және болашақ ұрпаққа қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе маңызды болып саналады, өйткені көптеген құжаттар мен артефактілер бірегей және алмастырылмайтын болуы мүмкін.

Музейлер сонымен қатар тарихи деректерді қоғамға көрмелер мен іс-шаралар арқылы беру рөлін атқарады. Музей экспозициялары келушілерге тарихи экспонаттарды көруге және бағалауға, тарихи оқиғалар мен авиация қайраткерлерімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл оқиғаны визуализациялау және қабылдау мүмкіндігін тудырады, бұл оны жиі қол жетімді және қызықты етеді. Әрі, әлемдік авиациялық музейлер тарихи деректерді барынша пайдалануды қамтамасыз ету үшін басқа институттармен және ұйымдармен белсенді түрде ынтымақтасады. Олар көбінесе университеттермен және зертханалармен ынтымақтастықта ғылыми жобаларға қатысады. Бұл авиация тарихы туралы білім мен түсініктің кеңеюіне ықпал етеді. Осылайша, әлемдік авиациялық музейлер авиация туралы тарихи деректерді сақтау мен беруде маңызды рөл атқарады. Олардың білім беру бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстары авиация туралы білімді байытуға ықпал етеді, ал олардың коллекциялары мен экспозициялары тарихты кең аудиторияға қол жетімді етеді (Ворошин, 2015, 95-102). Бұл олардың авиация мен аэроғарыш тарихын сақтауға және насихаттауға қосқан баға жетпес үлесін ешкім жоққа шығара алмайтынын дәлелі деп қабылдауға болады.

Қорытындылай келе, әлемдік авиациялық музейлер авиация тарихын сақтау мен насихаттауда шешуші рөл атқарады. Олар сөзсіз қоғамға үлкен әсер етеді және білім беру мен ғылыми зерттеулерге құнды үлес қосады. Авиациялық әлемдік музейлердің қоғам үшін маңыздылығы анық. Олар тек экспонаттар қоймасы ғана емес, сонымен қатар нағыз білім беру және зерттеу орталықтары. Музейлер барлық жастағы адамдар білім алып, шабыт таба алатын орын ұсынады, әрі бұл музейлер біздің алдымызда авиация тарихын ашып, инновация мен батылдықтың заманауи авиация индустриясын құруға қалай әкелгенін көрсетеді. Олар тарихты барлығына қолжетімді ете отырып, авиацияның ұлы жетістіктері мен батырлары туралы білімді сақтауға және жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар, әлемдік авиациялық музейлер авиация және аэроғарыш саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етеді. Олардың коллекциялары мен мұрағаттары авиация тарихының әртүрлі аспектілерін зерттейтін ғалымдар мен зерттеушілер үшін бірегей дереккөздерді ұсынады. Маңыздысы, екінші ретті деректерді зерттеу және пайдалану перспективалары барынша қолжетімді. Қосымша зерттеулер екінші ретті деректердің жаңа түрлерін талдауды, осы ақпаратты цифрландыруды және сақтауды және интерактивті тарихи көрмелер мен білім беру бағдарламаларын құрудың жаңа талдау әдістерін әзірлеуді қамтуы мүмкін. Осылайша, қорыта келе, әлемдік авиациялық музейлер авиация тарихын сақтау мен насихаттауда өшпес із қалдырады. Олар көптеген ұрпақтар үшін білім мен шабыттың негізі болып табылады. Екінші ретті деректер музейлердің тарихын сақтауда шешуші рөл атқарады және авиация туралы білім тарату үшін құнды ресурс болып қала береді. Осы саладағы қосымша зерттеулер мен әзірлемелер авиация әлемінде кеңірек білім мен шабыт алуға ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер

Ворошин С. Д. К истории формирования университетских музеев // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки. – 2015. Т. 15. №. 2. С. 97-102.

Карлова А. И. Музей современного искусства: история институализации // Вопросы культурологии. 2009. №. 3. С. 38-42.

Файзуллина Г. Музеи Алматы и Алматинской области и посетители: ожидания и реальность // Научно-практический журнал Museum. Kz. 2023. Т. 1. №. 1.

Юренева Т. Ю. Музей в истории мировой культуры: генезис и эволюция : дис. М.: [Моск. пед. гос. ун-т], 2004.

¹ **КАРИМБАЕВА Зулхумар Расулжанқызы,**

² **БЕЙБИТ Айнара Бейымбетқызы**

Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының

Астана қаласындағы филиалы

¹ z_karimbayeva@mail.ru, ² ainarabeibut@bk.ru

Астана, Қазақстан

САРЫАРҚА АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН МУЗЕЙЛЕНДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Abstract. The article raises the question «Why is it necessary to Museum archaeological sites?», «How is it useful to us?» and «Which archaeological sites have already been restored?». The Museum monument that we are considering is located on the territory of Saryarkiy. which covers the territory of Central Kazakhstan and includes the West of East Kazakhstan, separating from the hypsometric Turgay, Betpakdali and Balkhash plain planes of Northern Kazakhstan. Dating from the late bronze age, the step-pyramid mausoleum of Karazhartas. The step-pyramid mausoleum of Karazhartas was restored in 2017 under the direction of A.Z. Beisenov and is an open-air Museum that will become part of the first Central Asian archaeological Park in the future. The article also describes the features of the step-pyramid mausoleum of Karazhartas and its differences from other tombs of the late bronze age.

Key words: Bronze Age. museumification, Saryarka, Small hills, Karajartas, archaeological park.

Аннотация. В статье поднимаются вопросы «Зачем необходимо музеефицировать археологические памятники?», «Чем это нам полезно?» и «Какие археологические памятники уже восстановлены?». Рассматриваемый нами музейный памятник находится на территории Сарыарки. которая охватывает территорию Центрального Казахстана и включает запад Восточного Казахстана, отделяясь от гипсометрических плоскостей Тургайской, Бетпақдалинской и Балхашской равнин Северного Казахстана. Мавзолей в виде ступенчатой пирамиды Каражартас, датируемый поздним бронзовым веком. Ступенчатый пирамидальный мавзолей Каражартас был отреставрирован в 2017 году под руководством А.З. Бейсенова и представляет собой музей под открытым небом, который в будущем станет частью первого Центральноазиатского археологического парка. В статье также описываются особенности ступенчато-пирамидального мавзолея Каражартас и его отличия от других гробниц позднего бронзового века.

Ключевые слова: Бронзовый век. музеефикация, Сарыарка, Малые холмы, Караджартас, Археологический парк.

Қазіргі таңда тарихи-мәдени мұраны сақтау заманауи қоғамның өзекті қажеттілігі болып отыр, оның себебі – интенсивті жаһандану және мемлекет пен халықтың жеке төл мәдениетінің бұзылуы. Тарихи-мәдени мұра – адамның өзінің өткенімен байланысы, себебі археологиялық мұра оның құрамдас бөлігі, тарихты танудың маңызды көзі болып табылады.

Көптеген археологиялық объектілердің көрнекі болмауына байланысты оларды халықтың басым көпшілігі қабылдамауы мүмкін. Археологиялық ескерткіштердің көпшілігі ғылыми ізденістің объектілері болып қалады, олардың нәтижелері тек ғылыми мақалаларда, есептерде және кей жағдайда оқулықтардың беттерінде жарияланады (Мусаева, 2012, 28).

Біздің пікірімізше, қоғам өз тарихын тереңірек түсініп, оған бір табан жақындауы үшін археологиялық ескерткіштерді зерттегеннен кейін оларды әрі қарай сақтап қалу үшін консервациялық және реставрациялық жұмыстар жүргізу қажет. Осылайша қызығушылықты оятып, археологиялық ескерткіштерді туристік орындарға айналдырып, оларды танытуға болады.

Ең дұрыс шешім – ескерткіштерді музейлендіру. Оның мәні тарих пен мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштерін және музейлік көрсетілім объектілерін жандандыруда. Тарихтың жылжитын және жылжымайтын ескерткіштерін музейлік көрсетілім объектілеріне айналдыру ескерткішті зерттеуге, оны консервациялауға, реставрациялауға, көркем-тарихи ортаны жандандыруға және үнемі экспозициялар мен көрмелер ұйымдастырып, оны талдауға жол ашады.

Музейлендіру сонымен қатар көп ескерткіштердің физикалық келбеті мен тарихи құндылығын жоғалтуға апаратын рұқсат етілмеген қазба жұмыстары мен тонау мәселелерін шешеді.

Қазіргі таңда музейлендірудің келесі сатыларын пайдалануға болады (Мусаева, 2012, 29):

- археологиялық нысанды қазылған нысанның үстіне салынған жабық үй-жайда музейлендіру. Бұл әдістің артықшылығы-ескерткішті одан әрі зерттеу мүмкіндігі, сонымен қатар қалпына келтіру және консервациялау әдістемесін жасау;

- ескерткіштің қоршаған ортасына елеулі өзгерістер енгізбестен табиғи консервациялау әдісі;

- аймақтың тарихи-мәдени және табиғи тұрғындарының барлық кешенін пайдаланатын мәдени-ландшафттық әдіс;

- аумақтық-ансамбльдік әдіс, мұнда музейлендіру объектілері туристік маршруттың негізгі қаңқасын құрайтын арнайы музей-экспозициялық учаскелер болып табылады;

- музей көрмесі объектілерінің жалпы тізбегіндегі акцентті буыны болып табылатын және ашық аспан астындағы бүкіл экспозиция құрамында ерекше семантикалық жүктемені көтеретін жекелеген археологиялық ескерткіштер мен археологиялық объектілер музейландырылатын акцентті әдіс;

- сақталған бөлшектер бойынша қайта жаңартылатын ескерткіш өз орнында қалпына келтірілетін әдіс. Бұл әдіс қираған нысанды қайта құруға және оны көпшілікке ұсынуға мүмкіндік береді (Мусаева, 2012, 29)

Осы мақалада қарастырылған музейлендірілген ескерткіш Сарыарқа аумағында орналасқан, ол Орталық Қазақстанның аумағын қамтиды және Солтүстік Қазақстанның гипсометриялық Торғай, Бетпақдала және Балқаш жазық жазықтықтарынан бөлініп, Шығыс Қазақстанның батысын қамтиды. Аумақтың көлемі 1 миллион шаршы метрді құрайды. Алғаш рет «ұсақ шокжұлдыз» терминін Н.И.Тихонович 1902 жылы жергілікті халықтың мәлімдемесіне сүйене отырып ұсынды.

Ғасырдың басынан бері Қарағанды облысының орталығынан оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 120 км жерде орналасқан бұл аумақта Орталық Азиядағы тұңғыш археологиялық саябақты (Нүрек Бекбау) консервациялау және қалпына келтіру бойынша ғылыми музей жұмысы жүргізілуде. Қазіргі уақытта Болашақ археологиялық саябақтың аумағында Қаражартас элиталық сатылы-пирамидалық кесенесі бар (1,2-сурет). Оның көлеміне байланысты академик А. Х. Марғұлан ғылыми айналымға «кесенелер» деген тамаша атауды ұсынды және енгізді, яғни, «тас кесенелер» және оны кеш қола дәуіріне жатқызып, Қазақстанның археологиялық ғылымына баға жетпес үлес қосты (Бейсенов, Касеналин, 2013, 44).

Радиоизотоптық талдауға сәйкес Қаражартас элиталық сатылы-пирамидалық кесенесі б.з. д. XV-XIV (1 кесте) дәуіріне жатады. Қаражартас кесенесін қазу 2013-2017 жылдары

жүргізілді (жетекшісі И. А. Кукушкин). Зерттеу аяқталғаннан кейін, 2017 жылы қорымда рекультивациялық жұмыстар жүргізіліп, Қаражартас кесенесі қалпына келтірілді. Ескерткішті ғылыми консервациялау мен қалпына келтіруді И. А. Кукушкин жүзеге асырды, жұмыстар А. З. Бейсеновтың (отряд басшысы Д. Б. Дүйсенбай) басшылығымен жүргізілді.

Қалпына келтірілгенге дейін кесене биіктігі шамамен 2 м болатын 32*20 м жүзіп өткен жер төбесі болды, оның бетінде қабырғалардың тас қатарлары мен қаптау тақталарының шеттері болды. Алынып тасталғаннан кейін, жерлеу ғимараты негізгі бұрыштарға бағытталған және 5-6 қатар қабырғалардан тұратын төртбұрышты пішінді сатылы-пирамидалық құрылымға ие болды, мұнда орталыққа жетіспейтін қабырғалардың әрқайсысы алдыңғы қатардан жоғары болды. Қабырғалардың сыртқы периметрінің ұзындығы 13,5-14 м, кірпіштің биіктігі 15 қабатқа дейін, ені 0,34 м дейін. Сырты Беғазы-Дәндібай мәдениетінің көптеген басқа кесенелеріне ұқсас, тігінен орнатылған үлкен тақтайшалармен қапталған. Плиталардың өлшемдері 2,5*0,8*0,1 м. қаптау тақталарынан 0,5 қашықтықта биіктігі 0,3 м-ге дейін тегіс төселген тақталардан жасалған қоршау болды. Қабырғалардың орталық периметрінің ішкі кеңістігі жер үсті типті 4,8*3,25*3,65*4,15, биіктігі-1,88 м жерлеу камерасы болды, ол сазды топырақтан тұрғызылды. Жерлеу камерасы қоршау қабырғаларына ұқсас бағытталған және ежелгі уақытта толығымен тоналған. Қабірді толтыруда адамның жеке сүйектері мен қыш ыдыстардың сынықтары табылды (Қазақстанның киелі географиясы ... , 2017)



1-2 сурет. Қаражартас кесенелер кешені.

Археологиялық саябақ қорымдарының салыстырмалы сипаттамалары

Ескерткіш	Хронология	Қайта қалпына келтіру объектілерінің саны	Табылғандар
Қаражартас	Б.з.д. XV-XIV ғғ. Радиоизотоптық анализдерге сай	32 объект	Кейінгі қола керамикасы, жебенің ұшы және ерекше алтын жүзік
Сангуру-1	Б.з.д. X ғ. Радиокөміртектен анализдеріне сай	3 қорым	Қола кельт және балтаның қола басы
Беғазы	Б.з.д. IX-VIII ғғ. C 14 радиокөміртектен анализдеріне сай	2 қорым	Найзаның қола ұшы, таз балға, төрт құмыра

Қаражартас элиталық сатылы-пирамидалық кесенесінің ерекшеліктері:

1. Кеш қола дәуіріне жататын алғашқы элиталық кесене.
2. Қазіргі уақытта көлемі бойынша ең үлкені.
3. Құрылымның құрылымы - сатылы-пирамида.
4. Дромосты (дәлізді) менгирлердің ішіне орналастыру.
5. Кесенені қоршап тұрған тік тұрған менгирлердің сыртында 2 қатар қоршау салынған.

Қаражартас кесенесімен бірге Атасу ауданында орналасқан Сангуру1 қорымы (Бейсенов, Дуйсенбай, Ахияров, 2015, 112; 2016, 65) және Қарағандыдан 300 км қашықтықта орналасқан Беғазы қорымы (Бейсенов, Мусаев, Жанбулатов, 2012, 260; Бейсенов, Касеналин, 2013, 45) болашақ археологиялық саябақтың бөлігі болады (Кесте 1). Олар да қалпына келтірілді және ашық аспан астындағы музейлер болып табылады.

Мақала BR20280993 «Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан: археологиялық деректерді жүйелеу және талдау» жобасы аясында орындалды

Пайдаланған дереккөздер мен әдебиеттер

Бейсенов А. З., Касеналин А. Е. Беғазы қорымы (зерттеу. сақтау және насихаттау жұмыстары) // Беғазы - дандыбаевская культура Степной Евразии. Алматы, 2013. С. 43-57.

Бейсенов А. З., Дуйсенбай Д. Б., Ахияров И. К. Исследование в северной Бетлакдале / Археология западной Сибири и Алтая: опыт междисциплинарных исследований. Сб. стзтей. посвят 70-летию проф. Ю. Ф. Кирюшина. Барнаул, 2015. С. 28-31.

Бейсенов А. З., Дуйсенбай Д. Б., Ахияров И. К. Саңғыру қорымындағы археологиялық зерттеулермен реставрациялау жұмыстары :/ Актуальные проблемы археологии Евразии. Алматы, 2016. С. 65-74.

Бейсенов А. З., Мусасв Р. С., Жанбулатов К.А. О создании естественно-научного обоснования (ЕНО) проектируемого заповедника-музея «Кызыларай - Беғазы»// Археология и история Сарыаркива. Караганда. 2012. С. 259-275.

Мусаева Р. С. Реставрация и музеефикация недвижимых памятников как залог сохранения историко-культурного наследия // Археология, этнология и антропология Евразии: исследования и гипотезы. Новосибирск. 2012. С. 28-30.

Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры. Алматы. 2017. Вып. .1 С. 451-453.

Нурбек Бекбау. «Талды» археологиялық парк ашылмақ, URL: https://e-lustory.kz/z/publications./view/taldi_atheologiyalik:patki_ashilmak_5460 (дата обращения: 07.09.2019)

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ САЛАЛАРЫ

Abstract. The article considers the expansion of the sphere of scientific interests in modern ethnology and presents modern concepts of ethnological expertise. The importance of expertise as the most important area of ethnological knowledge application is revealed. It is shown that its methodological basis lies on the systematic analysis of social, political, cultural, ethnic and ecological processes of ethnic communities. Special attention is paid to the methods used in carrying out expert work and the advantages of their effective use are described.

Key words: ethnology, ethnological expertise, field study, ethnic relationship, interview, national identity, ethnological knowledge, ethnic group, control.

Аннотация. В статье рассматривается расширение сферы научных интересов в современной этнологии, приводятся современные концепции этнологической экспертизы. Раскрывается важность экспертизы как важнейшей области применения этнологических знаний. Показано, что его методологическая основа лежит на систематическом анализе социальных, политических, культурных, этнических и экологических процессов этнических сообществ. Особое внимание уделено методам, используемым при проведении экспертной работы, и описаны преимущества их эффективного использования.

Кілт сөздер: этнология, этнологиялық сараптама, далалық зерттеу, этникалық қатынас, сұхбат, ұлттық бірегейлік, этнологиялық білім, этникалық топ, бақылау.

Ежелгі заманнан бері халықтар арасындағы байланыстар экономикалық, саяси, мәдени себептерге негізделген. Ерекше қасиеттері мен тарихы бар әрбір халық ерте кезден-ақ әртүрлі қызметтегі адамдарды қызықтырды. Мысалы көптеген саяхатшылар, миссионерлер, саудагерлер мен әскерилер замандастарына әрі ұрпақтарына өздері барған елдердің сипаттамаларын қалдырып отырды. Демек, этнология алғашқы кезде нақты пән ретінде қалыптаспаса да зерттеу бағыты анық болды. XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Еуропа елдеріндегі экономиканың, саяси жүйенің және ғылыми дүниетанымның дамуы әр түрлі халықтарды зерттейтін тәуелсіз ғылым керектігін түсінуге жағдай жасады. Содан кейін жаңа ғылымның «этнология» және «этнография» деген атаулары ұсынылды. Олардың пайда болуының нақты уақыты мен орны, авторлығы туралы әртүрлі мәлеметтер бар. Атап айтқанда, этнология терминін 1784 жылы француз ғалымы А. Шаванн ғылыми айналымға енгізгені туралы мәліметтер кездеседі. Бірақ екі термин де Германия мен Францияда шамамен бір уақытта ғылыми айналымға еніп, XIX ғасырдың ортасына қарай халықтар туралы ғылымның атаулары ретінде бекітілді деген көзқарас кең таралған. Мысалы, әйгілі француз ғалымы Жан Жак Ампер 1830 жылы гуманитарлық ғылымдардың жалпы классификациясын жасап шығарды, олардың арасында этнологияны бөліп көрсетті және бұл ұғымды халықтар мен мәдениеттер туралы жаңа ғылымның атауы ретінде қолдануды ұсынды (Титов, 2017, 6). Жұмыстарын жергілікті халықтарды зерттеуге бағыттаған ғалымдар түрлі тәсілдерді дамытуға тырысты. Біртіндеп этнологиялық білімнің басқа салалармен байланысы мен қатынастары арта түсті. Әртүрлі салаларда практикалық тұрғыда қолданылып, маңыздылығының арта түсуіне байланысты этнология қоғамда сұранысқа ие ғылымдардың біріне айналды. Бұл күндері этнолог/антрополог мамандығы тек іргелі зерттеулер ғана емес, сонымен қатар экономиканың, саясаттың әртүрлі салаларындағы менеджменттің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады (Мартынова, 2017, 8). Заманауи сын – қатерлерге жауап ретінде әлемде болып жатқан процестерді зерттеу қарқыны

этнологтар тарапынан ерекше дамуда. Олар этно-тарихи мәселелерді саясатпен байланыстыра қарастыруда. Тишковтың пікірінше, адамдар мен адамзат қауымдастықтарының мәдени әртүрлілігін зерттейтін этнологиялық ғылым, әлеуметтік зерттеулер іс жүзінде саясаттан тыс бола алмайды. Қоғамды тиімді басқару үшін сапалы ғылыми тұжырымдамалардың маңызы зор, ал жақсы ғылыми сараптамасыз басқару – жауапсыз импровизация деген қорытындыға келді (Тишков, Степанов, 2014, 6-8).

Этнологиялық зерттеудің негізгі бағыты халықтар туралы ғылымның пәндік саласымен анықталады және этнографиялық дала жұмыстары мен мұрағаттық зерттеулерге негізделетіндігі белгілі. Мәліметтерді жинаудың далалық әдісі әлі де этнологияда басым бағыт болып қала берері анық. Елімізде қазіргі этнология ғылыми қызығушылықтар аясын кеңейтуде. Жаңа ғылыми бағыттар пайда болып, ғылыми кеңістіктегі нақты мәртебесі өзгеруде.

Көпұлтты қоғамда этносаралық шиеленіс жиі көрініс беретін серпінді құбылыс. Бір территория немесе мемлекет шеңберінде тұратын халықтарды ыдыратуға ықпал ететін басты факторлардың бірі ретінде оның алдын алу аса қажет. Қазақстан елеулі этносаралық қақтығыстарға тап болмағанымен, ұлтаралық қатынастардың келешек проблемаларының қалыптасқан алғышарттарына ешбір жағдайда көз жұмып қарауға болмайды. Этнологиялық білімді терең дамыта отырып, әртүрлі этностардың өзара әрекеттесуіндегі этносаралық қатынастардың қазіргі жағдайы мен даму болашағын зерттеу арқылы ғылыми тұжырымдамалар жасау орынды. Бұл ретте этнологиялық сараптаманың маңызы зор.

Этнологиялық сараптама – этнологиялық білімді тәжірибеде қолданудың маңызды салаларының бірі. Қандай да бір мәселе бойынша қорытынды шығару үшін жүргізіледі. Этнологиялық сараптаманың анықтамасы тек «Ресей Федерациясының байырғы халықтарының құқықтарының кепілдіктері туралы» заңда (1999) қамтылған. Заңға сәйкес бұл аз халықтардың ата-бабаларының тіршілік ету ортасы мен әлеуметтік-мәдени жағдайдың этникалық дамуға әсерін ғылыми зерттеу болып табылады (Федеральный закон «О гарантиях прав коренных малочисленных народов Российской Федерации» от 30.04.1999 № 82-ФЗ).

Жалпы сараптаманы әртүрлі мақсатта пайдалануға болады, мысалы, нақты бір заңды шешімге қандай мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар әсер етуі мүмкін екендігін немесе белгілі бір мәдени топтағы халықты ағарту науқанын қалай жүргізу керектігін анықтау болуы мүмкін. Этнологиялық сараптама ықтимал қақтығыстарды және оның пайда болу себептерін анықтауға да бағытталады. Этникалық топтардың ұлттық бірегейлігін тарихи-мәдени сараптама шеңберіндегі этнологиялық зерттеу арқылы қарастыруға болады. Ұлттық бірегейліктің негізгі көрсеткіштері – дін, дүниетаным, әдет-ғұрып, тіл, көзқарас, ұстаным мәселелері бойынша сараптама жүргізу - мемлекеттің негізгі міндеті. Әрине, кез-келген әрекетке немесе оқиғаға негіз болған себептер бірден айқын байқалмайды. Тәжірибе көрсеткендей, жылдар бойы жинақталған наразылықтар мен келіспеушіліктердің, кемшіліктер мен қателіктердің сипаты. Сол себепті сараптама шиеленісті және қарсыласудың өршуін болдырмас үшін ықтимал себептерін анықтау жұмыстарын қамтиды.

Белгілі бір адамдар тобының немесе қоғамның мәдени аспектілерін зерттеу процесі барысында әртүрлі ақпараттар алынады. Мұндай сараптама әлеуметтанулық зерттеулер, құқықтық даулар немесе мемлекеттік органдардың қызметі аясында жүргізілуі мүмкін. Ол мәдени дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, діни және әлеуметтік нормаларды, сондай-ақ топтың тілі мен жеке басын талдауды қамтуы мүмкін. Этникалық зерттеулер барысында этникалық сана мен өзін-өзі тану, этникалық топтардың ерекшелігі, этностың басқа этникалық топтарға қатынасы, этникалық көзқарастар және басқа ұлттар мен ұлт өкілдеріне қатысты тікелей мінез-құлық қарастырылады. Этникалық мәселелерге қатысты зерттеулерді жүргізу заманауи әдістемелерді қолдануды талап етеді. Бұл ретте этнологиямен өзара байланысты басқа да ғылым салалары процеске қосылып, тәжірибелеріндегі тиімді әдістер мұқият дайындалады. Мысалы, психологияда көпұлтты ортадағы адамдардың санасы мен мінез-құлқын зерттеу әдістерінің тұтас кешендері қалыптасқан (Есполова, 2019, 56-60). Бірақ, этнопсихология

адамдар арасындағы қарым-қатынастың барлық факторларын толық түсіндіре алмайды. Себебі этнология мен психологияның өзіндік жеке, нақты зерттеу объектілері бар.

Этнологиялық сараптама әлеуметтік-мәдени құбылыстарды зерттеудің кешенді әдістемесі болып табылады. Оның міндеті – әртүрлі этностар мен қоғамдардың мәдени ерекшеліктерін зерттеу, сондай-ақ олардың арасындағы мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтау. Ол үшін бірқатар әдістер қолданылады, олардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: Бақылау: бұл әдіс әртүрлі жағдайларда адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттерін зерттеуден тұрады. Бақылау тікелей (тікелей орнында) немесе жанама (жазбалар, фотосуреттер, бейнелер және т.б. арқылы) болуы мүмкін; Сұхбат: бұл әдіс зерттелетін топтың немесе этностың өкілдерімен сөйлесуден тұрады. Сұхбаттың мақсаты – мәдени ерекшеліктер мен өмірге деген көзқарастар, сондай – ақ қоғамның пікірлері мен бағалары туралы ақпарат алу; Сауалнама: бұл әдіс адамдардың өмірінің мәдени және әлеуметтік аспектілері туралы сұрақтары бар сауалнамаларды таратуды қамтиды. Сауалнама зерттелетін объект туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді; Сараптамалық бағалау: бұл әдіс мәдениет пен қоғамға қатысты әртүрлі салалардағы сарапшылардың пікірлерін анықтау үшін қолданылады. Сарапшылардың қатарында түрлі салалардың мамандары әрі белгілі бір өмірлік тәжірибесі бар адамдар бола алады; Деректі талдау: бұл әдіс ресми есептер, ғылыми мақалалар, кітаптар, діни мәтіндер және т.б. сияқты әртүрлі құжаттарды талдаудан тұрады; Бақылауға қатысу: бұл әдіс зерттеушінің зерттелетін топтың немесе этностың өміріне қатысуынан тұрады. Қатысу мәдени ерекшеліктер мен адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Фокус-топтар: бұл әдіс топтық сұхбат жүргізуді қамтиды. Сараптамалық және талдамалық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде гуманитарлық, әлеуметтік және экономикалық ғылымдар саласындағы білімді пайдалану қабілетін арттыру керек. Қажетті этнологиялық сараптама әдістерін білу және оларды тиімді қолдану аса маңызды.

Бүгінде этнологиялық сараптама құбылысын түсінудің көптеген заманауи тұжырымдамалары бар. Мысалы, А. Головнев сараптаманы барлық әлеуметтік маңызы бар басқару шешімдері мен жобаларға қатысты кең ауқымда жүргізілетін бағыт ретінде қарастырады (Головнёв, 2014, 143). Е. Н. Данилова өз зерттеуінде этнологиялық сараптама жүргізудің әдіснамалық тәсілдерінің материалдарын жүйелеп, олардың принциптік ерекшеліктерін сипаттайды (Данилова, 2018, 127). О. В. Нечипоренко, В. В. Поддубиков еңбектерінде этнологиялық сараптаманы кешенді «этноәлеуметтік процестерді интеграциялық зерттеу» жүргізу тәсілі ретінде сипаттайды. Қазіргі заманғы тәсілдердің ішінде әлеуметтік тәсіл алғашқылардың бірі екендігін және байырғы халықтардың әлеуметтік, экономикалық даму көрсеткіштерінің көпжылдық динамикасын талдауға мүмкіндік беретін жүйелі мониторингтік және сараптамалық этноәлеуметтік зерттеулер негізінде пайда болғандығын түсіндіреді (Поддубиков, Нечипоренко, 2014, 118). П. А. Куринских этнологиялық сараптаманың негізіне далалық зерттеу және бұқаралық дереккөздерді статистикалық өңдеудің нәтижелерін жатқызады. Сонымен қатар атқарушы билік органдарының, мекемелер мен ұйымдардың, ұлттық қауымдастықтардың іс қағаздарындағы ақпараттарды өңдеу нәтижелерін де тыс қалдырмайды (Куринских, 2013, 83). В. Д. Курганская, О. В. Нечипоренко 1990 жылдардың ортасынан бастап Қазақстанда этноәлеуметтік үдерістердің мониторингі бастау алғандығын және зерттеумен үкіметтік емес бірнеше ұйымдардың айналысқандығын ашып көрсетеді (Курганская, Нечипоренко, 133-142). Қазақстандық әлеуметтанушылардың мониторингтік зерттеуінің көпұлтты қоғам үшін рөлі мен маңыздылығын ерекше атап өткен жөн.

Қорыта келгенде, этнологиялық сараптама адамдардың әртүрлі топтарының мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеретін тиімді бағдарламалар мен жобаларды, саясатты жүзеге асыру үшін өте маңызды. Мемлекеттер саяси, экономикалық дамуды нығайту мақсатында заңнама, білім беру, табиғи ресурстарды пайдалану, құрылыс салалары бойынша аймақтық сан түрлі жобалар әзірлейді. Бұл, әрине, халықтың қамы үшін жасалатын қадамдар болғанымен арада қарама-қайшылық туындайтындығы анық: мұндай жобалардың көпшілігі

өте үлкен шығындарды талап етеді және ықтимал салдары нашар зерттеледі. Экономикалық, санитарлық – эпидемиологиялық, экологиялық, нормативтік құрылыс және технологиялық сараптамалар жүйесі барысында шығындар есептеліп, экологиялық зиянды тұстары бағаланып, жергілікті демографиялық жағдайлардың өзгерісі анықталғанымен, жергілікті тұрғындардың этникалық санасындағы өзгерістер ескерілмей жатады. Этникалық топтар мен этномәдени ортаға қатысты жағымсыз салдарларға баса көңіл аударылмайды. Негізі іске асырылатын кез-келген жобаның экономикалық тұрғыдан тиімді және экологиялық тұрғыдан зиянды емес, сонымен қатар халықтың этномәдени ортасы үшін қауіпсіз деп зерттелуі жөн. Бұл ретте «сіз жақтайсыз ба әлде қарсысыз ба?» деген әлеуметтік сауалнамалар жеткіліксіз болары анық (Степанов, 1999, 5-6). Сондықтан арнайы сараптама жүргізілуі қажет. Жоғарыда көрсеткендей мұндай сараптаманың тірегі гуманитарлық ғылымдар, ең алдымен этнология болуы керек. Ондағы қолданбалы зерттеу әдістерінің ең тиімдісін пайдалану арқылы мәселені қарастырған дұрыс.

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

Головнёв А. В. Этнологическая экспертиза в сценариях ресурсного освоения Ямала // Урал.ист. вестник 2014. № 2 (43). – 143 с.

Данилова Е. Н. Этнологическая экспертиза: современные концепции и подходы // Урал. ист. вестник 2018. № 1 (58). – 127 с.

Есполова Э. М. Казахстанская модель межэтнического и межнационального согласия // Материалы VII Международной научной конференции «Социальная интеграция и развитие этнокультур в евразийском пространстве». Барнаул: Алт ГУ, 2019. С. 56-60.

Курганская В. Д., Нечипоренко О. В. Мониторинг межэтнических отношений как неотложная этносоциология: история становления и роль в реализации этнополитики Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии 2021 №2 (77). С.133-142.

Куринских П. А. Культура жизнеобеспечения как объект этнологической экспертизы // Прикладная этнология и актуальные проблемы государственной этнонациональной политики в регионах Западной Сибири: механизмы взаимодействия власти, науки, общественности: сб. ст. по итогам межрегион. науч.-практ. семинара (Кемерово, 21–22 нояб. 2012 г.). Кемерово. 2013. С. 83.

Мартынова М. Ю. Миссия антропологии и этнологии: социальная роль и практическая значимость // XII Конгресс антропологов и этнологов России. – М.; Ижевск, 2017. С. 8.

Поддубиков В. В., Нечипоренко О. В. Традиционные практики жизнеобеспечения шорцев: этнологическая экспертиза // Вестн. Новосиб. гос. ун-та. Серия: Философия. 2014. Т. 12, вып. 2. С.118.

Степанов В. В. Методы этно экологической экспертизы – Москва. 1999. С. 5-6.

Тишков В. А., Степанов В.В. Измерение конфликта. Методика и результаты этноконфессионального мониторинга Сети EAWARN. М.:Deutsch-Russischer Austausch, 2014. С. 322.

Федеральный закон «О гарантиях прав коренных малочисленных народов Российской Федерации» от 30.04.1999 № 82-ФЗ (последняя редакция)URL: <http://pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&nd=102059473> (дата обращения: 24.03.2022).

Этнология. под ред. Т.А. Титовой. Казань: Изд-во Казан.ун-та, 2017. С. 6-7.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МУЗЕЙ КЕҢІСТІГІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Abstract. The article is devoted to the identification of the main approaches to museology in the space of interdisciplinary interaction, and the further development of the process that reveals the content of the museum as a result of a set of actions. The logical, empirical differentiation of scientific disciplines characterizing their interaction is considered.

Key words: museology, social sciences, the Humanities, interdisciplinarity, cultural heritage, museum objects.

Аннотация. Статя посвящена выявлению основных подходов к музеологии в пространстве междисциплинарного взаимодействия, и дальнейшему развитию процесса, раскрывающего содержание музея в результате совокупности действий. Рассматривается логическая, эмпирическая дифференциация научных дисциплин, характеризующих их взаимодействие.

Ключевые слова: музеология, социальные науки, гуманитарное знание, междисциплинарность, культурное наследие, музейные предметы.

Музей – білім беру ортасы,оның негізгі құрамы – музей экспонаттары, мақсаты мен көркемөнер көрмесі. Музей педагогикалық процесте пәнаралық байланыс орнатуда экспозицияның принциптері мен әдістері маңызды. Педагогика, оның теориялары мен құндылықтары ешқашан оқшауланған кеңістікте дамымаған, өйткені мәдениеттің барлық жүйелері, соның ішінде білім беру, жалпы ашық және динамикалық жүйені құрайды, онда жеке элементтердің дамуы басқа білім көздерінің және сайып келгенде бүкіл жүйенің өзгеруіне әкеледі. Қазіргі уақытта педагогикада болып жатқан жаңа құбылыстарда білім берудің гуманистік, демократиялық және мәдени құндылықтарын синтездеу үрдісі байқалады. Көпмәдениеттілік, мәдени құндылықтардың алуан түрлілігі біртіндеп басымдыққа ие болады. Отандық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын сақтау мен насихаттау, тарихи мұраны қалыптастыруды және мәдени-тарихи дамудың сабақтастығын қамтамасыз етуді алдын-ала анықтайтын фактілердің кең жүйесінде музейлер ерекше орын алады. Музей – ғасырдан ғасырға қоғамның рухани өмірінде, ағартуда, тәрбиелеуде және адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеуде, ақпараттық және коммуникативтік процестерде үлкен рөл атқарады. Отандық музейлер өздерінің орасан зор мәдени әлеуетке ие екендіктерін, қоғамның рухани дамуының түбегейлі міндеттерін шеше алатындықтарын музей кеңістігінде атқарылып жатқан жұмыстар барысында дәлелдеді (Алешина,1999, 18 – 27).

Педагогика, психология, өнертану және музейтану қиылысында қалыптасатын ғылыми білімнің саласы ретінде музейдің пәнаралық мәселелерін зерттеумен А. В. Бакушинский, А. Г. Бойко, Е. Г. Ванслова, М. А. Волчкова, Д. Камерон, Н. А. Кульчинская, А. Лихтварк, Н. Г. Макарова, Н. Д. Рева, Б. А. Столяров, Н. Ф. Федоров, М. Ю. Юхневич сияқты ғалымдар айналысты. Білім беру саласы мәдени тәжірибе алмасу институты ретінде зерттеу нысандарын, даму критерийлерін анықтау проблемаларына әрқашан басымдық аударған. Білім беру институттары арқылы мәдени тәжірибе алмасу қалыптасқан тетігі өзара байланысты екі мәдени қабатты – қазіргі өмірде адамға қажетті білім, білік, дағды синтезін қамтитын өзекті мәдениет қабатын және әлемді танудың және шығармашылық қайта құрудың тарихи тәжірибесін білдіретін мәдени мұра қабатын игеруді көздейді. Мәдени мұраның мазмұны адамдардың рухани және материалдық іс-әрекетінің өнімдері. Мәдени

мұрамен таныстыру генетикалық есте сақтауды дамытады, таным логикасын қалыптастырады және қоршаған әлемді өзгертеді. Осыған байланысты мәдени мұраны сақтау көздеріне, яғни музейлерге жүгіну қисынды. Соңғы онжылдықта музейдің рөлі, олардың дамуы мен басқаруы айтарлықтай өзгерді. Музей әлемі тұрақты түрде қоғамға ашық және келушілерге бағытталған түрде дамуда. Музей институттарының трансформациясы музеологияның қарқынды дамуын музейдің нақты білімі мен этимологиясын, сондай-ақ музей қызметінің іргелі негіздерін түсінуге ұмтылатын ғылыми пән ретінде анықтайды. Музеологияның тәуелсіз пәнге айналуы ХХ ғасырда басталды. Чех музеологы З. Странскийдің тұжырымдамасы музеологиялық түсініктердің қалыптасуына күшті әсер етті. Оның анықтамасына сәйкес, музеология – бұл өзін-өзі дамытатын, тәуелсіз ғылыми пән, объективті түрде әр түрлі музей формаларында көрінеді (Волькович, 1999, 20-23).

